

Әлеуетіміздің асуы да,
дәулетіміздің тасуы да өз
қолымызда. Не істесек те,
ақылмен істейік, арзан
ұранға ермейік, ұшпа сезімге
ерік бермейік.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

ТҮЛҒАТАНУ



БАТЫР ҚАЗАҚ 4

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ» 9

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 30 шілдедегі
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
708 132

II компонентпен
507 550

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӨРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

31

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

СЕЛ ҚАУПІН БАҚЫЛАУ автоматтандырылған жүйеде іске асады



Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев мегаполистің сел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында моренді көлдердің жағдайына аэровизуалды зерттеу жүргізді.

Тікұшақта «Қазселденқорғау» ММ төрағасы К.Көкірекбаев, қалалық ТЖД басшылығы мен мамандары болды. Моренді

көлдердің, сондай-ақ Ақсай, Қарғалы және Үлкен Алматы өзендері бассейндерінің жағдайына баға берілді. Жалпы, Алматы маңында 45 мұзды көл бар, оның жетеуінде биыл превентивті жұмыстар жүруде.

(Жалғасы 2-бетте).

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

СУ АҒАДЫ САЙМЕНЕН...



Суреттерді түсірген – автор.



Әнуарбек
ӘУЕЛБЕК

Мың жасаған шаһардың кейбір арықтарында су ағып жатыр. Бұл өзі күнделікті қалыпты көрініске айналар ма екен?

Қараңызшы, арық бойын жағалаған бала да мез, аптап ыстықтан қорғанғысы

келген кептерлер де суға шомылып, мәресіре болып жатыр.

Айналадағы ағаштарға да жан кіргені байқалады, басқа көшелердегідей емес, жапырақтары жайқалып, бояулары да қаныға түскен. Бір сөзбен айтқанда, арықтың бойынан жанды тіршіліктің барын байқауға болады.

Сіздің көшедегі арықта су бар ма?

►► 5-бетте.

ҚЫСҚА...

- Елімізде аяқкиімді міндетті цифрлық таңбалау биыл 1 қарашада басталады.
- Мәдениет және спорт саласындағы мамандар да «Болашақпен» оқи алатын болды.
- Түркістан облысында көне түркі дәуіріне қатысты тас мүсін – балбал табылды.
- Жұмыссыз жастардың көбісі Алматы қаласы, Алматы облысы мен Нұр-Сұлтанда тұратыны белгілі болды.
- Қалада халық КВИ жұқтыратын негізгі орындар – дүкен-базарлар мен автобус болып тұр.
- 9–13 тамыз аралығында Медеу ауданы аумағындағы тұрғын үйлер мен ғимараттарда, Гурилев – Үштөбе – Тәтібеков – Блок көшелерінің контурында ыстық су өшіріледі.



СЕЛ ҚАУПІН БАҚЫЛАУ

автоматтандырылған жүйеде іске асады



(Басы 1-бетте)



**Серік
ЖҰМАБАЕВ**

Температуралық режимнің көтерілуіне байланысты мұздықтар еруде. Қауіпті жеті көлдегі судың жалпы көлемі 1 миллион

текше метрді құрайды, яғни қауіпсіз деңгейге сәйкес. Сел қауіпі кезеңі басталатын маусымнан бері 1,6 млн. текше метр су ағызылды.

Моренді көлдердің жағдайы 9 тұрақты және 10 маусымдық гидробекетте бақыланады. Алматы әкімдігінің қолдауымен олар тіршілікке қажет жабдықтармен және байланыс құралдарымен қамтамасыз етілген.

Тікұшақпен тексеру нәтижесінде көлдердегі судың сын деңгейіне жетпейтіні

анықталды. Моренді көлдер мен тау өзендеріндегі жағдай тұрақты.

Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев қаланың ТЖД-не «Қазселденқорғау» ММ аумақтық бөлімшесінің мамандарымен бірге мегаполис пен оның тұрғындарының сел қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар кешенін жүзеге асыруды жалғастыруды тапсырды.

Мегаполис басшысы Б.Сағынтаевтың тапсырмасы бойынша қаланың сел қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі жүйелі түрде шешілуде. Мәселен, Ақсай мен Үлкен Алматы өзендерінің бассейндерінде екі сел бөгетінің құрылысы басталды. Бұл гидротехникалық құрылыстар 3 мыңға жуық нысанды және 40 мыңнан астам қала тұрғындарын қорғауды қамтамасыз етеді.

Сонымен қатар, қалалық ТЖД сел қауіпін бақылаудың автоматтандырылған жүйесін енгізу жобасын жүзеге асыруда. Бірінші кезеңде Үлкен және Кіші Алматы өзендеріне 10 станция орнатылды. Тағы 21 станция II кезеңде қойылады. Жүйе таулы өзендердегі жағдайға 10 параметрге дейін автоматты түрде мониторинг жүргізеді, оның ішінде су деңгейі, ауа мен су температурасы, топырақтың ылғалдылығы, жауын-шашынның қарқындылығы және селді анықтау да тексеріледі.

Тікұшақпен тексеру барысында Алматы қаласының әкімі Б.Сағынтаев таудың қауіпсіздігін, тау лашықтарын, бақылау-құтқару пункттерін бақылап, Тұйық-Су альпинистік лагеріндегі тікұшақ алаңын жасау жобаларымен танысты.

«ДЕЛЬТАНЫҢ» ӘЛЕГІ АЗ ЕМЕС



**Нұржамал
ӘЛШЕВА**

Алматыда коронавирус инфекциясы өршіп, оның ішінде «дельта» дес бермей тұр.

Қала әкімі Бақытжан Сағынтаевтың төрағалығымен өткен жұмыс кеңесінде мегаполистегі ағымдағы эпидемиологиялық ахуал қаралды. Коронавирус инфекциясының жаңа толқынының алдын алу және вирустың одан әрі өршуі мүмкін екендігін тұрғындарға ескерту мәселелері талқыланды.

Бір апта ішінде, өткен кезеңмен салыстырғанда, КВИ жұқтыру дерегі 1,5 есе өскен,

5901-ден 9077 жағдайға дейін ұлғайды. Сонда күнделікті өсім 1,7%-ды құрап отыр. 23 шілдеден бастап КВИ-дің тәуліктік тіркелуі 1 мың жағдайдан асты, ағымдағы айда 22 498 жағдайды құрады. Бұл жыл басынан бері 30 шілдедегі 78 283 тіркелген жағдайдың 29%-ын құрайды.

Алматыда кезекті, COVID-19 төртінші толқынының шырқау шегі тамыздың ортасына күтілуде, қыркүйектің басында төмендеуі мүмкін. Соңғы 7 күн ішінде симптомды науқастардың үлес салмағы артуда әрі 90,7%-ды құрайды. Бұл COVID-19 қоздырғыштарының арасында «дельта» штамының басымдығын көрсетеді.

Қаланың СЭБД-нің басшысына, еліміздің мемлекеттік Бас санитар-дәрігерінің қаулысына сәйкес, тиісті іс-шаралар қабылдау тапсырылды. Мегаполисте коронавирус инфекциясының таралу қарқынын болдырмау үшін карантиндік шараларды күшейту қажет.

Алматы қаласының әкімі коммуналдық кәсіпорындар мен бизнес-қауымдастықтар ұжымдарын вакциналауды күшейтуді тапсырды. «Атамекен» ҰКП бірлесіп бизнес-қоғамдастық өкілдерімен түсіндіру жұмыстарын жүргізу қажет, мұнда қызмет көрсететін компаниялар мен қоғамдық тамақтандыру орындарына жіті назар аударған жөн.

СИНГАПУР ЖОЛЫМЕН ЖҮРМЕКШІ



**Әсел
ДАҒЖАН**

Алматы мен Сингапурдың цифрлық тандемі: «Ақылды қала» бағдарламасын дамыту аясында меморандумға қол қойылды.

Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен Цифрландыру басқармасы мен сингапурлық crimsonlogic PTE Ltd компаниясының басшылары «ақылды қала» жобаларын дамыту аясында ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойды. CrimsonLogic Pte Ltd мен Алматының Цифрландыру басқармасы бірлескен жұмыс аясында мегаполисті цифрлық трансформациялауға және жайлы қалалық орта құруға басты назар аударуды жоспарлап отыр.

Ынтымақтастықтың алғашқы жобасы – «Алматы қаласының бірыңғай деректер базасы». Оның даму стратегиясы әлемдегі ең озық елдердің бірі – сингапурлық «Citizen 360» моделіне сәйкес келеді.

«Бірыңғай деректер базасын іске қосудағы негізгі идея – оның көмегімен мемлекеттік органдардың, коммерциялық және академиялық ұйымдардың деперсонализацияланған деректермен алмасуын қамтамасыз ету», – деді Алматының Цифрландыру басқармасының басшысы Баян Қоңырбаев.

Б.Қоңырбаев crimsonlogic компаниясының «ақылды қалалар» жобаларын іске асыруда мол тәжірибе жинақтағаны, сондай-ақ цифрлық трансформациялау шешімдерінің портфелін үнемі кеңейтіп отыратындығын айтты.

«Біз қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыру мен әлеуметтік ахуалды жақсарту ғана емес, Алматының инновациялық технологияларын дамытуды мақсат етеміз. Сингапурлық компаниямен ынтымақ-



тастыққа қуаныштымыз және оның «ақылды қала» жобаларын дамыту үшін жаңа перспективалар ашатынына сенімдіміз», – деді Б.Қоңырбаев.

Өз кезегінде CrimsonLogic вице-президенті Wee Tan Yeong екіжақты ынтымақтастықтың инновацияларды енгізу процесін жеделдететініне және алматылықтардың өмірі мен жұмысын жайлы етуге көмектесетініне сенім білдірді. Сондай-ақ, Wee Tan Yeong Сингапурда цифрлық технологияларды енгізу тәжірибесімен бөлісті.

«Елімізде цифрлық трансформация 1980 жылдан басталды. Осының арқасында ЖІӨ 100 еседен астам өсті. Сингапур барлық мемлекеттік қызметтерді, сондай-ақ бизнес саласындағы қызметтерді өзгертті. Мұның бәрі менің көз алдымда, қара-ақ суреттен бастап жарқыраған қалаға дейін түрленді. Содан бері сингапурлықтар цифрландырылған қызметтерді тұрақты пайдалана бастады», – деді вице-президент.

Шетелдік спикер цифрландыру ойыншыларының бірі – My Info порталының жетістігі туралы айтты. Онда экономикалық транзакциялар жылдамдатылған. Мәселен, банкте оңай және тез шот ашуға болады. Бұл ақылды шешімнің пайдасын банктер ғана емес, сонымен қатар банк бөлімшесіне бармай-ақ уақытын тиімді пайдалануға ыңғайлы қарапайым азаматтар да жақсы бағалады.

CrimsonLogic-тің Орталық Азия бойынша өңірлік директоры Алуа Сатыбалдиева Алматының Цифрландыру басқармасы Сингапурдың жолымен жүріп жатқанын айтты. Ол 30 жыл бойы өзінің тиімділігін көрсетіп келе жатқан түрлі платформалар туралы жан-жақты айтып берді.

«Біз 19 елде жұмыс істейміз. Биыл Қазақстанда өкілдік ашамыз. Біздің жұмысымыздың бір бағыты – цифрлық қалалар мен цифрлық үкімет», – деді Алуа Сатыбалдиева.

САҢДАР СӨЙЛЕЙДІ



Мегаполисте
күн сайын
700 мыңнан
астам көлік жүреді



Ағымдағы жылы
1000-нан
астам алматылық
«Акселерация»
жобасын қамтуды
жоспарлап отыр



Алматыда
24 426
көпбалалы отбасы тұрады



Шаһарда
14 млн.
шаршы метр
тротуар бар



Алматыдағы Әлеуметтік
қызметтер үйі
«бір терезе» қағидаты
бойынша
750-ден
астам мемлекеттік
қызмет көрсетеді

QAZAQSTAN30



«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ МЕН ҮШІН МАҢЫЗЫ...»



Гүлдана ҚАЗТАЙ,
Қожа Ахмет Яссауи атындағы
Халықаралық қазақ-түрік
университетінің баспасөз
хатшысы:

– 30 жыл бұрын Туымызды
тіктеп, егемен ел атандық. Еркін-
дік бізге оңай келген жоқ. Оған
сарғайған тарих парактары куә.
Тәуелсіздік туралы сыр шерт-
кенде, алдымен өткенге назар
аудармақ керек. Ата-бабамыз

аңсаған, Алаш Арыстарына
арман болған, желтоқсанның
қара суығында кісі қолынан қаза
болған аға-әпкелеріміздің ерік-
жігерін, дұға-тілегін айтпау,
оларды еске алмау сын болар.
Көзбен көрмесек те, үлкен
кісілердің әңгімесінен халқы-
мыздың басына түскен тауқы-
метті естіп өстік. Сондықтан
бірінші кезекте еркін тыныстап,
әр таңды бостандықта қарсы
алуға мүмкіндік берген ата-
бабамызға алғыс айтамын. Еге-
мендіктің бізге берген ең басты
сыйы – жеке адам еркіндігі.
Еліміздің әрбір тұрғынының
құқығы қорғалған, ешкімнен
қорқып, қымсынбайды. Таңдау
еркіндігі тағы бар. Өмір жолы-
мызды қай арнаға бұруды өзіміз
шешеміз. Тек қалау, білім және
сенім сай келсе болғаны. Осы
құндылықтардың қадір-қасиетін
тереңінен түсіну керек.

Тәуелсіздігіміздің тұғыры
биік, елдігіміз мәңгі болсын.
Егемендікті ұрпақтан-ұрпаққа
жеткізу бәрімізге міндет екенін
ұмытпайық!



Дариға МӘУЛЕТҚЫЗЫ,
Қазақ ұлттық Қыздар педаго-
гикалық университетінің
3-курс студенті:

– Тәуелсіздік – қазақ халқы-
ның бостандыққа ұмтылған асқақ
арманы, қайсар рухының жемісі.
Өз алдына бөлек ел болуы.
Егемендік – ащы термен келген

тәтті жеңіс. Тәуелсіздік – бабалар
аңсауы, ұрпақтарының қол
жеткізген киелі кезеңі. Сондық-
тан да біз үшін Тәуелсіздік күні
– ең қастерлі күн. Осы күнге
дейін жетістіктерімізге жетуі-
мізге, өркендеп өсуімізге септігін
тигізген біздің азаттығымыз.
Қаншама мемлекет бар, әлі күнге
дейін біреуге бағынышты болып
келе жатқан. Өз алдына ұлт
болудан қалған. Оларды көріп
Аллаға шүкіршілік айтамын.

Егемендігімізді алып, дамы-
ған елдер қатарына көтеріл-
генімізге. Еліміздің тарихында
халқымыздың жаңаша өрлеуі
егемендік алған жылдары бастал-
ды. Рухани-экономикалық еркін-
дігіміз әлемдік қоғамдастық пен
дүние жүзінің дамыған озық
мемлекеттерімен тең дәрежеге
көтерді. Сол үшін де елімнің
еркіндік алып, болашақ ұрпақ-
тарын дамытып жатқанына
қуанамын.

ағылшын тілі пәнінің мұғалімі
болып жұмыс атқарамын.
Тәуелсіздіктің тағылымын үйре-
туді балабақшадан, мектептен
бастап жүйелі жүргізуіміз керек.

Бұл игілікті істе Тәуелсіздік
деген ұлы ұғымның өзін әр
оқушының санасына сіңіріп
отыруға тиіспіз. Өйткені, құнды-
лығымыз, баға жетпес байлығы-
мыз – Тәуелсіздік.

Біздің мектеп ұжымы Тәуел-
сіздіктің тағылымын мереке
тұсында ғана емес, жыл бойы
ұрпақтарға жеткізіп отыруды
дәстүрге айналдырған. Жалпы,
елдік құндылықтарды балалар
бойына сіңірсек, олар өсе келе
Отанының тірегіне айналады.
Сонда ғана тәуелсіздігіміз мәңгі-
лікке мирас болмақ.

Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.



Ақбота ҚАЙРАТҚЫЗЫ,
КурсАNT білім беру орталы-
ғының мұғалімі:

– Өз басым ұлы дала елінің
кең байтақ жерінде туып, топыра-
ғында аунап өскеніме өте қуана-
мын. Қазіргі кезде Орталықта



АКТҮЛҚЫН
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Кеше Алматы қаласы Поли-
ция департаментінің крими-
налдық полиция басқармасы
«Родник» қоғамдық қорымен
бірлесе отырып, «Адам саудасын
бірге тоқтатамыз!» ақпараттық
науканын жүргізді.

Дүниежүзілік адам саудасына
қарсылықты қолдау мақсатында
ұйымдастырылған шараның
міндеті – алдағы жылдарда адам
саудасын болдырмау, сондай-ақ,
тұрғындармен қала қонақтарының
қауіпсіздігін күшейту.

Сарапшылардың бағалауынша,
қазіргі таңда әлемде 2,5 миллионға
жуық адам – құл саудагерлерінің
қолында. Жыл сайын мыңдаған ер

«Еңбек Ері» атанды

Кеше танымал әнші Әлібек
Дінішевке отандық мәдениетті
дамыту мен музыка өнерін дә-
ріптеудегі айрықша еңбегі үшін
«Қазақстанның Еңбек Ері» ата-
ғы берілді.

Опера және камералық әнші
(тенор), музыкалық педагог-про-
фессор Әлібек Мұсаұлы 1979

жылы Қазақ КСР-нің Халық артисі
және 35 жасында-ақ КСРО-ның
Халық артисі (1986) атанған.

2012 жылы әншіні «ҚР әдебиет
пен өнер саласындағы Мемлекет-
тік сыйлығының лауреаты» құр-
метті атағымен Елбасының өзі
марапаттаған болатын.

Ә.МҰРАТҚЫЗЫ.

Мақсат – тыныштықты нығайту



мен әйел, балалар алыс-жақын шет
елдерге саудаланып кетеді. Сол
себепті, «халықтың тыныштығын

нығайтып, бейбіт күнде алаңсыз
өмір сүруіне кепілдік болуымыз
қажет» дейді шара бастамашылары.

ТҮРҒЫНДАР СУДАН ТАПШЫЛЫҚ КӨРМЕЙДІ

Кеше Алматы
қаласы Медеу
ауданының әкімі
Әсет Масабаев
Өңірлік
коммуникациялар
қызметінде өткен
брифингте сумен
жабдықтау,
көшелерді жөндеу
және абаттандыру
бойынша ауданда
жоспарланған
және жүзеге
асырылған
жұмыстар туралы
айтты.



Әсет
ДАҒЖАН

Аудан әкімі биылғы жылдың
бірінші жартыжылдығында
өнеркәсіптік өнім өндіру көлемі
54,1 млрд. теңге, ал инвестиция
көлемі 64,6 млрд. теңгені құра-
ғанын атап өтті. Қалалық
көлемде ауданның инвестиция-
сын игеру үлесі – 14% құрайды.

Әсет Масабаев «Жаңа Алма-
ты» шет аймақтарын дамытудың
2020–2024 жылдарға арналған
кешенді жоспарын іске асыру
туралы хабарлады. Әкімнің
мәліметінше, Медеу ауданының
шетінде сумен жабдықтау және
су бұрудың инженерлік желілері
жүргізіледі. Мәселен, «Думан»
ықшамауданында жалпы ұзын-
дығы 44,5 шақырым сумен
жабдықтау және су бұру
инженерлік желілерін төсеу
бойынша жұмыстар аяқталды,
қазірдің өзінде 714 үйді сумен
жабдықтау бойынша шарт
жасалған.

«Көлсай» ықшамауданында
230 үй сумен қамтамасыз етілді.
Инженерлік желілер «Мұзтау»
және «Каменское плато» ықшам-



аудандарында жүргізілді. Әр
ауданға 15-тен 17 километрге
дейін сумен жабдықтау желілері
жүргізіледі», – деді Ә.Масабаев.

Аудан әкімі Медеу ауданының
жағалауы мен басқа да аумақтары-
ның күрделі жөндеу жұмыстары-
на тоқталды. Оның айтуынша,
бұл аумақтарды абаттандырудың
басты міндеті – Алматы жағалау-
ларын жайлы әрі қауіпсіз жерге
айналдыру.

«Республика сарайынан Го-
голь көшесіне дейінгі аралықта
Кіші Алматы өзенінің жаяу жүр-
гіншілер аймағын абаттандыру
жұмыстары аяқталды. Жамақаев
көшесінен су бөлгішке дейін
Есентай өзенінің жағалауын қай-
та жаңарту басталды. Жұмыс-
тарды жыл соңына дейін аяқтау
жоспарланған. Тіксай өзенінің
арнасын қайта жаңарту жүргізі-
луде. Жұмыстарды аяқтау 2022
жылға жоспарланған», – деді
аудан әкімі.

Бұдан бөлек, Жасыл эконо-
мика басқармасы Оқушылар
сарайы мен мемлекеттік мұра-
жайдың іргелес аумағын абат-
тандыруды жоспарлап отыр.
Жобалық-сметалық құжаттама
дайын тұр.

Әсет Масабаев жан-жақты
айтып өткен тағы бір маңызды
бағыт – Медеу ауданының жол-
көлік инфрақұрылымын жақ-

сарту. Брифинг барысында
айтылған мәліметтер бойынша
ұзындығы 25 шақырымнан
асатын ауданның 27 көшесінде
жөндеу жұмыстары аяқталған.
Алматы қаласының қалалық
Мобильділік басқармасы 2021
жылға 49 көшені жөндеуді
жоспарласа, қазір 6 көшенің жол
төсемі жөнделуде.

«Думан» ықшамауданындағы
ұзындығы 27 шақырымнан
асатын 53 көшенің жолдарына
күрделі жөндеу жұмыстары
жүргізілуде. Бүгінде 33 көшеде
жұмыстар аяқталды. Қызметте
20 көше бар. Сондай-ақ Достық
даңғылынан Омарова көшесіндегі
жаяу жүргіншілер аймағында
жөндеу жұмыстары басталды», –
деді аудан әкімі.

Ауданда көше жарығын
қалпына келтіру жұмыстары да
қызу жүруде. Қазіргі уақытта
17 918 жарық нұсандарына
қызмет көрсету жұмыстары
жүргізілуде, желінің ұзындығы
457 шақырымнан асады.

Қала әкімі Бақытжан Сағын-
таевтың тапсырмасы бойынша
«Шетсіз қала» қағидаты аясында
Медеу ауданында 273 көше
сыртқы жарықтандыру желілері-
нің құрылысына қосылған.
Сондай-ақ, 10 614 шам орнату
жоспарланған. Аудандағы
205 көше жарықтандырылды.



Ғарыш туралы сөз айтылғанда, ең алдымен, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкердің есімі ойға оралады. Тұтас түркі жұртының тұғырлы тұлғасына айналған Тоқтар Әубәкіров 1991 жылы 2 қазанда ғарыш кеңістігін бағындырды. Бұл – Қазақстанның ғарышқа тұңғыш сапары.



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Тоқтар Оңғарбайұлы Әубәкіров 1946 жылы 27 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, 1-ші Май ауылында дүниеге келген. 1962–1965 жылдары Теміртау күйма механикалық зауытында токарь болды. 1965 жылы Қарағанды облыстық комсомол комитетінің жолдамасымен Ресейдің Краснодар өлкесі



БАТЫР ҚАЗАҚ

Армавир қаласындағы ұшқыштар даярлайтын жоғары әскери училищесіне оқуға түсті. 1976 жылы А.И.Микоян атындағы авиаконструкторлар бюросына қызметке қабылданады. Кейін Мәскеу авиация институтын бітірген (1979 ж.). Т.Әубәкіров 1988 жылы Кеңес Одағында тұңғыш рет әуеде қонбай, ұшаққа 2 рет жанармай құйдыру арқылы Солтүстік полюске ұшу сапарын мінсіз орындады. 1989 жылы бірінші болып авиатасушы крейсердің алаңқайшасына «МиГ-29» реактивті ұшағын үлкен шеберлікпен дәл қондырады. Сондай-ақ, ол реактивті ұшақтың 50-ден аса жаңа түрін сынақтан өткізді. 1990 жылы ғарышкерлер құрамына алынады. 1991 жылы 2 сәуірде Кеңес Одағының Ғарышкерлер дайындау орталығында ғарышқа ұшу дайындығына кірісіп, сол жылы 2 қазанда Байқоңырдан «Союз ТМ-13» кемесімен ғарышқа ұшты. Ғарыш кемесі Жер төңірегіндегі «Мир» орбиталық кешенімен түйісті. Онда ол өзге ғарышкерлермен бірге биотехнология, металлургия, медицина салалары және Арал теңізі аймағы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізді. Зерттеу нәтижесінде Арал

үстіндегі тұзды шаң борамасының пайда болу процесі, сол зиянды аэрозольдардың Қазақстан мен Ресей аймақтарына таралуының ғарыштық суреттері алынды.

Сондай-ақ, Қазақстан аумағындағы атмосфераны және жер бетін зерттеу, жұлдызды аспанды астрофизикалық бақылау жұмыстары да ойдағыдай өтті. Қазақ ғарышкері 1991 жылдың 10 қазанында Жерге оралды.

Тоқтар Әубәкіров Қазақстандағы ғарыштық зерттеулердің негізін қалауға, отандық Қарулы Күштердің әскери даярлығын жетілдіруге, әскери-патриоттық тәрбие жұмыстарын жолға қоюға белсене араласты. Ол 1992-1993 жылдары Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 1-ші орынбасары, 1993-1994 жылдары

Қазақстан Республикасы Ұлттық Аэроғарыштық агенттігінің бас директоры, Ғылым және жаңа технология министрінің орынбасары, 1994-1995 жылдары Қазақстан Республикасы Жоғары Кеңесінің депутаты – Қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрағасы болды.

Халық қаһарманы Тоқтар Әубәкіров 45 жасында ғарышкер атанды. Ал «Кеңес Одағының Батыры» деген жоғары атақты 1988 жылы алды. Ғарышкерге бұл мәртебе зор қуаныш дыбыстан да шапшаң ұшатын, мүлде жаңадан жасалған, әлі сынақтан жөнді өтпеген, тағдыры беймәлім «МиГ» ұшақтарын сынауды және оларды кеме палубасына қондырып, одан ұшып шығуды қамтамасыз еткені үшін берілген.

Биыл алаштың азаматы үшін тағы бір айтулы оқиға – «Союз ТМ-13» кемесінің ғарышқа ұшырылғанына 30 жыл толды. Оның әуе көкжиегінде болған мерзімі – 7 күн 22 сағат 13 минут. Біз қазақтың батыр ұлы Тоқтар Әубәкіровті мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, деніне саулық, басына амандық, бақытқа толы ұзақ ғұмыр тілейміз!

«Намыс болмаса, үйренбес едім»

«...Қазақты аштан өлтірмейтін, көштен қалдырмайтын тетік – намыс. Егер менде намыс болмаса, өз ана тілімді үйренбес едім.

Құпиямды айтайын: мен тілді қазақи ән-жыр арқылы үйрендім. Кейінгі жастарға айтарым, орысша да, ағылшын тілін де үйренсін. Бірақ ең бірінші қазақ тілін – өз Ана тілінді біл. Қазақша үйренгісі келмейтін қазақтарды өздеріне-өзі қарсы адамдар деп санаймын».



Тоқтар ӘУБӘКІРОВ:

«Табан жалаған...»

«Ешкім ұры-қары, қылмыскер немесе алаяқ болып тумады. Есейе келе таңдау жасайды. Бәрі осыған байланысты. Бір жолы ел танитын аса ықпалды азаматпен сөзге келіп қалдық. Ол: «Сіз батырсыз. Халық сізді жақсы көреді. Қолыңызда қаншама мүмкіндік бола тұра, соны қолдана білмейсіз. Демек, ақымақсыз. Себебі, бас игіңіз келмейді. Ал мен иіле білемін, осы себепті қазір миллионер атанып отырмын», – деді.

Қазір ол шіріген бай. Өте ықпалды. «Мен баймын, демек басқалары менің алдымда құрдай жорғалауы керек, бас июге тиіс» деп санайды. Неге, білесіз бе? Өйткені, бір кездері өзі де сөйткен. Табан жалаған... Өзгелерді кемсіте отыра бір кездегі маскарасының орнын толтырғысы келеді. Ал мен ешқашан ешкімнің алдында бас иген емеспін».

COVID-19: МАМАНДАР ПІКІРІ

Лейла АМРИНА,
Қазақстан–Ресей медициналық
университетінің Фтизиатрия
кафедрасының ассистенті:

ҚАУІПСІЗ ӘРІ ТИІМДІ

Барлығымызға мектеп жасынан бастап қызылшаға, паротитке, дифтерияға және басқа да ауруларға қарсы екпе жасалады және біз оны еш қарсылықсыз өзіміз үшін қабылдадық. Коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаның да кез келген басқа вакцинадан еш айырмашылығы жоқ. Ол да бізді қауіпті аурулардан қорғайды. Вакциналау барлық санаттағы дені сау адамдарды да, созылмалы аурулары бар адамдарды да иммундауды ескере отырып жасалады. Мен әріптестерімнің айтқанын қайталаймын: екпе алудан бұрын созылмалы аурулардың өршуінің алдын алу үшін міндетті түрде терапевт мамандармен кеңесу керек. Мен де, отбасым да түгел екпе алды. Күйеуім бұрын инфарктпен ауырған, сондықтан вакцина алудан бұрын тексеріліп, емделіп, содан кейін егілді.

Наталья РАХАЛЬСКАЯ,
Қазақстан–Ресей медициналық
университетінің Практика және
клиникалық жұмыс бөлімінің
басшысы, Қоғамдық денсаулық
сақтау магистрі:

КҮМӘНДАНУҒА НЕГІЗ ЖОҚ

Вакциналаудан бас тарту пандемиямен күресуге уақытты жоғалту, өзіңізге және айналаңызға жұқтыру қаупі бар екенін саналы түрде түсіну керек. Өкінішке қарай, көбінесе жастар бас тартуда. Алайда, күмәндану еш негізсіз. Өйткені, тәжірибе көрсеткендей, жастардың ағзасы коронавирустық инфекцияға қарсы вакцинаны жеңіл қабылдайды. Бастысы, вакцина кезінде аурудың өршуіне жол бермеу керек. Қарсы көрсеткіштер болмаса, вакцина алу керек. Менің дәрігерлік тәжірибемде 92 жастағы науқас болды. Өрине, біз оның денсаулығын өте мұқият тексердік. Дегенмен, ол өзі шешім қабылдады, балалары да қарсы болмады. Нәтижесінде вакциналаудың екі компонентін қабылдау кезінде де өзін жақсы сезінді. 92 жастағы алматылықтың бұл шешімі вакциналаудың қауіпсіздігіне күмәнданатын қала тұрғындарына үлгі екенін айтқым келеді.

Ахметжан СҮГІРӘЛИЕВ,
С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ
Ішкі аурулар кафедрасының
меңгерушісі, Еуразиялық
терапевтер қауымдастығының
мүшесі:

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТАНЫТЫҢЫЗ

Халықаралық тәжірибе тек жаппай вакцинация пандемияға қарсы тұра алатындығын дәлелдеді. Коронавирустық инфекцияның ауыр көріністері көбінесе вакцина алмаған адамдарда жиі байқалады. Ал бұл – вакцинаның қажеттілігінің айқын көрінісі. Мен қызмет жолымда коронавирустық инфекцияның ауыр түрлерінің көріністерімен бетпе-бет келемін. Ондай ауыр халдегі науқастардың вакцина алған не алмағанын сұраған жағдайда, әдетте теріс жауап аламын. Бұл – өте өкінішті. Өйткені, адамдар өздерін және жақындарын қорғау жолы бола тұра, бар мүмкіндікті пайдаланбайды. Коронавирусты жұқтырған жағдайда созылмалы аурулар жағдайды ушықтыруы мүмкін екенін ескеру қажет. Сондықтан мен дер кезінде екпе алу керек деуден жалықпаймын. Өзіңіздің, жақындарыңыздың денсаулығы үшін жауапкершілікті сезіну керек.



ҚҰДДЫ ИРАН-БАҚ ДЕРСІҢ

белсенді тұрғындар скверлер мен бау-бақшаларды суарды



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Алматыда жасыл желегі жайқалған көрікті аулалар жоқ деп айтуға болмас. Гүл егіп, ауласын жайнатып қойған тұрғындар жетерлік.

Жасыратыны жоқ, кейінгі кездері қаланың біраз жасыл қоры аптап ыстықтың салдарынан қурап қалды. Оның себебі, уақытында суарылмағандықтан немесе гүлдер мен ағаш көшеттерінің жерсінбеуінен де болуы мүмкін. Дейтұрғанмен, бұл биыл Алматыда мүлде гүл егілмеді, көгалдар жайқалмады, ағаштар өспеді деген сөз емес. Қаланың қай аумағына барсаңыз да, көзінді де, өзінді де қуантып, жаныңа жай-

дарын сыртқа шығарып, жасыл желекті молынан суарып, түбін түптеп, қопсытып отырады. «Бұл ауланы өзіміз, яғни мен суарамын. Жасыл желек айналаңа сән беріп тұратыны өз алдына бөлек әңгіме. Ал мен оларды күтіп-баптау арқылы өзіме қуат аламын. Бәлкім, мұны адамның өзіндік мәдениеті деп айтуға да болатын шығар. Сондықтан өзге қала тұрғындарын жасыл желекті күте білуге шақырамын», – дейді алмалылық тұрғын.

Жалпы, Алмалы ауданы әкімдігі көгалдандыру жұмысын мықтап қолға алған. Аудан басшысы Ержан Сейтенов ауданды абаттандыру жұмыстарын ерекше назарда ұстап отыр. Жиі-жиі халықпен жүздесіп, тұрғындармен аула аумағын абаттандыру жұмыстарын талқылап отырады. Апатты ағаштарды анықтау үшін жасыл комиссиямен және бейінді институттармен бірлесіп тексеру жұмыстарын жүргізеді. Негізінен, ауданда жасыл желекті суару жұмыстары түнгі уақытта күн сайын жүргізіледі. Арнайы кесте бойынша орындалатын жұмыстар туралы тұрғындар ауданның әлеуметтік желідегі парақшасы арқылы біліп отырады. Тіпті, суару жұмыстарында қандай да бір кемшілік орын алса, қайда хабарласу



лы атмосфера қалыптастыратын скверлер мен аулалар, жайқалған гүлдер жетіп-артылады.

Көгалдандыру жұмысын жандандыру бағытында кеше Алмалы ауданының тұрғындары көпке үлгі боларлықтай игілікті іс жасады. Олар жасыл желектерді аман алып қалу мақсатында аудан аумағындағы скверлер мен бау-бақшаларды суарды. Еріктілер мен қала тұрғындарынан құралған белсенді топ қас қарайғанша ағаш түптерін қопсытып, гүлдерге ерекше күтім жасады. Алмалыда ауласын иран-баққа айналдырған тұрғындар да баршылық.

Мәселен, Алмалы ауданының тұрғыны Любовь Радченко күннің аптап ыстығына қарамастан, өз ауласындағы гүлдерді қурап кетуден сақтап отыр. Таң ата бастаған сәтте міндетті түрде қажетті құрал-

керектігі де анық жазылған. Бұл аудандағы сала мамандарының жүйелі жұмыс атқарып отырғанын көрсетсе керек.

«Еріктілер мен халық бір кісідей жұмылып, скверлерді суарды. Әкімдік мамандарының айтуынша, бұл шара бүгінмен тоқтап қалмайды. Керісінше, игі іске қосымша көмек ретінде белсенділер атсалысады. Барлық жұмысты әкімдік пен сала басшыларына артып қоюды доғару керек. Ауламыздағы жасыл желекке өзіміз қамқор болсақ, Алматы жасыл желекке оранған ғажап қалаға айналары хақ.

Мәселен, біз шілденің шіліңгір ыстығына қарамастан, бау-бақшамызды күніне 2 рет суарамыз. Міне, мына жайқалған гүлдер мен тамырын кеңге жайған ағаштар біздің қаламызға деген сүйіспеншілігіміздің белгісі», – дейді белсенді қала тұрғындары.

Жол жабылады



Әсел
ДАҒЖАН

Мегаполистегі Түркебаев көшесі учаскесінде автокөлік қозғалысы бір айға жабылады.

«Алматы жылу желілері» ЖШС 27 шілдеден 25 тамызға дейін Қарасай батыр көшесінен Төле би көшесіне дейін

Түркебаев көшесінде көлік қозғалысы шектелетінін хабарлады.

Шектеулер осы бөліктің жүріс бөлігінің астынан өтетін жылу желілеріне күрделі жөндеу жүргізуге байланысты болып отыр.

Компанияның баспасөз қызметі келтірілген қолайсыздықтар үшін қала тұрғындарынан кешірім сұрап, маршрутты алдын ала жоспарлауға кеңес берді.



ҚАЗАҚЫ ҚАЗАНАТ ТҰҚЫМЫ КӨБЕЙТІЛМЕК



Рая
ЕСКЕНДІР

Елімізде ұлттық брендтерді дамыту қолға алына бастады. Аталған мәселе ҚР Премьер-Министрінің орынбасары Е.Тоғжановтың төрағалығымен өткен ұлттық брендтерді дамыту жөніндегі онлайн-кеңесте қозғалды.

«Қазақстан өзінің ұлттық жобалары мен брендтерін дамытуға тиіс. Осы құндылықтар арқылы қазақ елінің танымалдығы артады. Бұл халықтың рухын көтеріп, қазақстандық бірегейлікті айқындайтын ұлттық дәстүрлерді жаңғыртуда ел тұрғындарын біріктіруге көмектеседі», – деді Е.Тоғжанов. Қазіргі уақытта «Рухани жаңғыру» бағдарламасын ұлттық жаңғыру кезеңіне көшіру жөніндегі жол картасы іске асырылуда. Қазақстанның тарихи-мәдени мұрасы тарихи естеліктерге бай, зияткерлік және рухы жоғары қоғамды қалыптастыру мен дамытудың пәрменді тетігі бола алады дейді мамандар.

«Қазақ күресін» жаппай дамыту он жыл бұрын «Қазақстан барысы» жобасын жүзеге асырудан басталды. Танымалдық деңгейінің

артуы «Әлем барысы» және «Еуразия барысы» секілді халықаралық іс-шараларда байқалуда. Бүгінде «Қазақстан барысы» халық өнерін жандандыру және ұлттық ойындарды насихаттау бойынша өзіндік сайыс түрі болып қалыптасты. Жыл сайын турнирге 9 мыңнан астам жанкүйер, 2 млн.-нан астам көрермен қатысады. Бұл жоба халықтың зор қолдауына ие болып отыр. Күн тәртібіндегі екінші мәселе – қазақы Қазанат (қостанайлық тұқым) жылқы тұқымын дамытуға қатысты болды. Атқа міну мәдениеті мен жылқы шаруашылығы жер бетіне Ұлы даладан таралғаны тарихтан белгілі. Жаһандық деңгейде бұл шаруашылық және әскери салада бұрын-соңды болмаған жанашылдыққа жол ашты. Бүгінгі күні қазақы Қазанат (қостанайлық тұқым) тұқымындағы жылқыларды қалпына келтіру мен сақтау бойынша жол картасы әзірленді. Тарихи ескерткіштер мен мәдениеттің мемлекеттік тізіміне «Патшалық жылқылар қоражайы» («Царская конюшня») ғимараттарын қосу және Қазанат тұқымындағы жылқыларды асыл тұқымдық сынау жүйесіне енгізу бойынша жұмыстар жүргізілуде.

ҚАУІПСІЗ ДЕМАЛЫС – тұрғындардың жайлы өмірінің кепілі



Айым
НҮРМАН

Синоптик мамандардың болжамынша, алдағы уақытта ауа райы ысытын көрінеді. Бірақ жаңбырлы болады. Осыған орай, таулы аймақтарда сел жүруі мүмкін деп жалпы демалыс орындарындағы қауіпсіздік шараларын күшейту жұмыстары жүргізілуде. Қала басшылығы тұрғындардың қауіпсіз демалысы үшін бірқатар істерді қолға алып жатыр.

Мәрлен МАРАЛОВ,
Алматы қаласы туризм басқармасы
басшысының орынбасары:

**ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ
ЖИІЛЕДІ**

Пандемия жағдайында тау сілемдеріне серуендеуге шығатын алматылықтардың саны 4 есеге көбейген. Сәйкесінше, төтенше оқиғалар да жиілеген. Осыған байланысты саяхаттаушылардың қауіпсіздігін сақтау үшін туристік бағыттарда 15 уақытша паналау орындары дайындалмақ. Олар шалғайдағы учаскелерде орналасады. Төтенше жағдай кезінде сол орындардағы GPS карта мен смарт навигатордың көмегіне жүгінуге болады. Wi-Fi жүйесі орнатылған нүктелер, құтқару пункттері үздіксіз жұмыс істейді. Онда азық-түлік пен алғашқы медициналық көмек жиынтығы да қарастырылған.

Әсем ҚОЗБАҒАРОВА,
SkyWay директоры:

**ОТАНДЫҚ ТУРИЗМГЕ
ҚОЛДАУ БАР**

Жалпы, Алматы қаласындағы туризм шаһар дамуында маңызды рөл атқарады. Әсіресе, экология жағынан және қаладағы белсенді демалысты дамыту үшін үлкен әлеуетке ие. Тұрғындардың басым көпшілігі қазір шет елге шыққаннан гөрі қала аумағындағы орындарда демалуды жөн санайды. Осыған орай, әкімдік бұл саланың дамуына қолдау көрсетіп, туристік инфрақұрылымға көңіл бөліп жатқанын қуантады. Саяхатшыларға арналған интерактивті карталар мен арнайы қосымшалардың болатыны – өте дұрыс шешім. Бұл бірінші кезекте саяхатшылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қолға алынып жатқан жұмыстардың барлығы, түптеп келгенде, тұрғындар демалысын қолжетімді, жайлы және ең бастысы, қауіпсіз етуді көздеп отыр.

Арай ДӘУЛЕНҚЫЗЫ,
декреттегі ана:

ҚОРҚЫНЫШ СЕЙІЛМЕЙ ТҮР

Жан мен тәнді қатар тынықтыру үшін қала сыртында демалуды әркім қалайды. Демалысты көңілді өткізу өз алдына, ал жеке бастың қауіпсіздігін ерекше назарда ұстау маңызды. Мәселен, Шарын және Сайрам-Өгем шатқалындағы қайғылы оқиғадан кейін ата-ана ретінде бізде әлі де қорқыныш пен үрей бар. Сондықтан таулы аймақтардағы қауіпсіздік шараларының күшейтілуі бізді тек қуантады. Жалпы, жаз мезгілі нағыз жайбарақат сауық-сайран құратын уақыт қой, сондықтан әрбір ата-ана қай кезде, қай жерде болсын қауіпсіздік шараларын біліп, олармен танысып, балаларын да хабардар етіп қойғаны артық етпейді.



МӘСЕЛЕ

«КӨК ЖӘШІК» қайда апарады?

Нұржамал
ӘЛШЕВА

Бүгінде қаланың да, даланың да баласы ұялы телефонға жіпсіз байланып қалды. Кеше еңбек демалысында ауылға барғанымда, қолындағы телефонының қуаты 5%, соның өзінде ұзын шнұрын ток көзіне қосып қойып, ішіне «кіріп» тұрып ойын ойнап жатқан, көз жанары әлсіреген 6 жасар баланы көріп, жағамды ұстадым.

Балалар далада, таза ауада ойнамайтын болған, бір-бірімен қарым-қатынас, байланыс жоқ, шүйіркелесіп сөйлеспейді де. Сондықтан сөздік қоры да аз. Теледидар көрмейді. Есіл-дерті телефонда. Ал оларды қадағалайтын ата-ана тіршілік қамытын киіп, күнде түзде жүр.

Ал қала баласында мүмкіндік көп деуге болады. Түрлі үйірмелер, секциялар жұмыс істейді. Сауда-ойын-сауық орталықтарының да, кітапханалардың да есігі айқара ашық. Ашық аспан астындағы кинотеатрлар да жиі ұйымдастырылып тұрады. Бірақ телефонмен «дос» балалардың қарасы әлі де қалың.

Оларды бір уақыт телефоннан алыстатып, қызықтырып, жетелеп, бірге отырып теледидардан кино көрейік десек, сенесіз бе, балаларға арналған картиналар аз. Қайбір күні «Еларнадан» «Менің атым – Қожа», «Алпамыс мектепке барады» көрсетіліп жатты. Біздің жас күнімізден келе жатқан, тәрбиеге тұнып тұрған озық кинокартиналар. Бертінде шыққан Сәбит Құрманбековтің «Секері», Ерлан Нұрмұхамбетовтің «Аңшы баласы» да баламен отырып көруге болатын тамаша фильмдер. Бірақ оларды қашанғы көре бересің, жалт-жұлт еткенге елітіп тұратын бала олардан да жалығады. Жаңаны қалайды. Ал жаңа деп, ата-әжесімен отырып көріп жүргендері – отандық телеарналарды жаулап алған түрік сериалдары.

Бір жылдары отандық телеарналарда түріктің сериалдары қаптағанда, мәжіліс-мендеріміз ондағы интрига, меланхолия және трагедияның мөлшерден асып кеткендігін айтып, дабыл қаққан болатын. Мұның бәрі ұрпақтың рухани дамуы үшін үлкен қауіп екенін айтқаныммен, мүлдем



АТА-АНА ПІКІРІ

Балжан ҚАНАҒАТҚЫЗЫ, Бостандық ауданының тұрғыны:

– Нәрестемен үйде отырмын. Жас ана болғандықтан, жан-жағым қараймын, өзгелердің бала тәрбиесіне, ұстанымына үңіліп жүремін. Соңғы кездері сіндімнің кіп-кішкентай ұл-қызының тапжылмай отырып үнді сериалдарын көретіні көңіліме жақнай жүр. Өзімнің балам әлі кішкентай болған соң, бәлкім түсінбейтін шығармын көп нәрсені. Ал сол үнді телехикаяларындағы ене мен келін немесе абысындар арасындағы ешқашан бітпейтін ұрыс-жанжал, қастандық, екіжүзділік сынды келеңсіздіктер қалыпты құбылысқа айналып кеткен. Сондай-ақ, сол сериалдарда сол ұлттың салт-санасы мен көпқұдайшылықты насихаттайтын индуизм дінінің рәсімдері тұнып тұр. Сондай кезде ойланым қаласың. Оның мән-мазмұнында біздің халықтың түсінігіне, өмірлік ұстанымына, дәстүрлі мәдениетіне жат әрекеттер көрініс тауып жатқанын іштей мойындасақ та, «балам телефонға жабысып отырғанда, теледидар көргені жақсы ғой», «мазамызды алмай, өзімен-өзі тыныш отырса болды» дейміз де, аса мән бере қоймаймыз. Ертең кеш болып жүрмесе игі!

тыйым салынған жоқ. Ал мұндай сериалдарда кек пен өшпенділік, сатқындық сынды келеңсіз әрекеттерге де еріксіз куә боласыз.

Бүгінде телеарналарымызды үнді сериалдары да жаулап алды. Әлгі, 60 жастағы кемпір мен 6 жастағы қызды алыстырып қойған «Келін» секілді фильмдердің бірі

бітсе, іле-шала тағы басқасы басталып, ай құрмай көрсетіліп жатыр. Естуімізше, үнді фильмдерін тамашалайтын негізгі аудитория – осы елдегі миллиондаған кедей-кепшік жандар болғандықтан, барлық сериалдың сценарийі бір бағытта өрбиді, яғни әлеуеті төмен қарапайым адам жүздеген сериал бойына әділетсіздік

пен озбырлыққа қарсы күресе жүріп, ақыры жеңіп шығады. Ал 5 минутқа ғана сыйғызуға болатын бір оқиғаны 10 серияға дейін сағызша созатын сол сериалдарды көрген бала тұрмақ, үлкен адам да есеңгіреп қалатын шығар-ау. Олар осындай мәнсіз фильмдерін көркем музыкамен, билерімен, қызылды-жасылды сарилерімен және арзанқол әшекей бұйымдарымен көмкеріп қояды да, еліктегіш жас баланы бірден баурап ала кетеді.

Шындық сол, қазір өрендеріміз мемлекеттік рәміздердің авторларын тегіс білмеуі мүмкін. Ал үнді, түрік телехикаяларындағы әрбір актердің аты-жөнінен бастап, олардың шынайы өмірде не істеп, не қоятынына дейін жақсы біледі.

«Сериалдардағы қандай факторлар адамдарға қаншалықты әсер етеді?» деген сауалға жауап іздеп көрген сарапшылар мынадай түйін жасапты: сериалқұмар адамдардың 21%-ы қастандық жасауға бейім болса, 14%-ы меланхолияға шалдығады екен. Телехикаялар музыкасының адамдарға әсер етуі – 26%, ал сценарийдің адамның ой-санасына әсері 6% ғана екен.

Жалпы, Кеңес Одағы бойынша жыл сайын балаларға арналған 70-тей фильм жарыққа шығып отырған. Ал егемендікке ие болған Қазақстанда балалар киносы неге ақсап тұр? Бұл орайда мамандар тарапынан, біріншіден, балалар тақырыбына қызығатын режиссер жоқ, екіншіден, балалар аудиториясына арналып түсірілген фильмнің прокатынан түсетін пайда аз деген пікірлер айтылып жүр.

Осы орайда жағымды бір жаңалық, «Қазақфильм» киностудиясы алдағы жылдары балалар фильмін жандандыруды көздеп отыр.

Жалпы, кез келген бала ата-анасымен бірге отырып кино көргенді ұнатады. Сондықтан бір уақыт оларға да көңіл бөліп, теледидар алдынан табылып жатсақ, ұтарымыз көп. Балаңызбен кино көріп болған соң оның мазмұнын міндетті түрде өзімен талқыға салу, пікірін тыңдап, ойын білу одан да маңызды деседі мамандар. Баладан фильм ұнады ма деп сұрап қана қоймай, несімен ұнағанын сұрап, қай жерін түсінбей қалғанын да бірге зерделеп, «кейіпкердің орнында сен болсаң не істер едің?» деген сынды сауалдар қойып, мағыналы әңгімеге тартқан абзал. Ал өз кезегінде бірге отырып фильм көру ата-ана мен баланы жақындастырады, түрлі тақырыптарға ашылып әңгімелесуге жетелей түспек.

Иә, кино да баланы тәрбиелейтінін, оның дүниетанымына әсер ететінін ұмытпайық.

ТОПЖАРҒАН

СПОРТШЫ ЖӘНЕ СҰЛУЛЫҚ

13 жасынан бастап хоккеймен айналыса бастаған Бұлбұл Қартаңбай – «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының IV маусымдағы жеңімпазы. Ол – АҚШ-тағы хоккей клубының бас жаттықтырушысы болған алғашқы қазақстандық. Елімізде кеңелеп келе жатқан әйелдер хоккейін халық арасында кеңінен насихаттап, спорт клубтарын қыздарға қолжетімді еткен талантты жастардың бірі.

– Мен спортшы болатынымды бала кезімнен білдім. Бірақ біздің ауылда қыздарға арналған спорт үйірмелері көп болмағандықтан, боксқа, күреске қатысып жүрдім. Алайда, жаттықтырушыларым, туған-туыстарым: «Сен қызың, саған мұның қажеті жоқ», – деп бетімді қайтаратын. Кейінірек, Алматыға көшіп келгенде қыздарға арналған шайбалы хоккей секциясын таптық. Осылайша мен хоккейге келдім, – дейді ол.

Қазіргі таңда Бұлбұл әлеуметтік желі арқылы «Спорттағы әйел» атты жаңа жобаны қолға алған. Онда ол әйелдердің сұлулығына тоқтала отырып, спорттағы, өнердегі жетістіктерімен бөліседі.



Словакиядағы әлем чемпионаты кезінде Америкаға баруды армандаған Бұлбұл небәрі 16 жасында кіл мықтылармен нық тіресіп, шетелдік команда сапында ойнауға іріктелген.

– 2017 жылы мені шетелдік жаттықтырушы Сэми Джо Смоу байқап қалып, «Бізбен бірге ойнағың келе ме?» деді. Мен шет елге барғым келетінін, бірақ агентімнің жүрген-тұрғаныма

беретін ақшасы жоқтығын айттым. Ол осы әңгімеді естіп, Спорт министрлігіне өтініш жазуыма болатынын, қалғаны өзімнің жетістіктеріме байланысты екенін жеткізді. Ақыры,

аңсаған арманым орындалып, канадалық «Calgary Coyote» командасына қосылдым. Алғашында жат елде ойнау қорқынышты болды, бірақ артқа шегінбеуім керек екенін түсіндім. Ел-жұрттың бар екенін, олар мені қолдайтынын және маған сенетінін сезіндім, – деп тебіренеді.

Спорттың қай саласында болсын, Қазақстанның атын шығарып жүрген қарақөз қазақ қыздары жетерлік. Солардың бірі де бірегейі Бұлбұл десек, артық айтпағынымыз болар.

– Дәл қазір қазақ қыздарының хоккеймен емін-еркін айналысуына арналған халықаралық академия ашумен айналысып жатырмын. Қазір Финляндия, Канада, АҚШ академияларымен келіссөздер жүргізіп жатырмын. Қазақстандағы хоккей академиясының тәуелсіз болғанын қалаймын. 3-4 жасыдан соң біздің ойыншылардың да дәл сондай жатын орны болып, тамақтануы мен жаттығу деңгейін қамтамасыз етіп, шет елге жіберетінімізге сенімдімін, – деді Бұлбұл.

Болашақта жас спортшы хоккей-шайба спортын халықаралық дәрежеге жеткізіп, қысқы олимпиада ойындарында Қазақстанның көш бастағанын қалайды.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



ЕСКІ әрі ЖАҢА



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Алматылық дизайнерлер экологиялық мәселенің «сәнді» шешімін тапты. 2050 жылға қарай мұхиттарда балыққа қарағанда пластик көп болады деген пікір бар. Өкінішке қарай, болжам негізсіз емес. Есепсіз тұтыну, айналага жанашырлықпен қарамау адамзатты соған алып келетіндей. Сән индустриясының тақырыбы да экологиялық мәселемен байланысты болуы бекер емес. Алматылықтар табиғатқа келетін зиянды азайту үшін не істеп жатыр? Бұл туралы «Саналы сән – екінші дем» көрмесінен білуге болады.

Мойындау керек, әрбіріміздің шкафымызда киетін киімнен киілмейтіні көп. «Бұны не істеймін?», «Бұлардан қалай құтылам?» деген сауалға жауап іздемейміз. Өйткені, оны мәселе көрмейміз. Сонда да жаңасын сатып алуға құштар болып тұрамыз.

Көрмені ұйымдастырушы фотограф Андрей Випов сән мен экологияның қарым-қатынасына бірнеше жылдан бері алаңдаулы. Сондықтан ол өзінің дебюттік

көрмесін осы тақырыпқа арнапты. Галерея қабырғаларынан «секонд-хендтен» киінген модельдердің әртүрлі суреттерін көруге болады. Бұлайша автор стильді және сәнді көріну үшін су жаңа заттарды шексіз сатып алудың қажеті жоқтығын көрсеткісі келген.

«Заттарды екінші рет пайдалану идеясы маған ғана емес, бүкіл отбасымызға жақын. Біз ешқашан киім тастамаймыз. Мәселен, мен қазір атамның кезінде киген көйлегін киіп жүрмін. Көйлекке 20 жылдан астам уақыт болды. Жаңа және сәнді көрінеді. Бастысы – стиль ерекше», – дейді көрмеге қатысушы, суретші Валерий Змейков.

Экологиялық таза өнім тұтыну және шикізатты қайта пайдалану идеясы дизайнерлерді де алаңдатады. Миланда өткен конкурстың жеңімпазы жас кутюрье Ади Ботабаева шара барысында өз үлгісін көрсетті. Жас дизайнер өзінің трансформер киімдерінің коллекциясын ұсынды. Ол рюкзактың қажет болған жағдайда жаңбыр жамылғысына қалай оңай айналатындығын, қарапайым көйлектен қалай жылдам кешкі көйлек жасауға болатынын көрсетті. Бұл бізге жақын әрі болашақтың киімі болуы әбден мүмкін.


ОЙТҮРТКИ

Шоу-бизнес – әлі де той-бизнес

Былай қарасаң, бүгінде шығып жатқан жаңа ән көп. Бірақ іліп алары шамалы. Көпшілігі алғашында біраз айтылып жүреді де, артынша ұмыт болады. Ал бүгін бар, ертен жоқ арзан дүниелермен ұлттық эстрада деңгейін қалай көтереміз?

Кәрі-жастың жүрегіне бірдей жол табардай өміршең, шынайы шығармалар бойында ұлттық рух, мінез, табиғи талант астасып жатқан дарын иесінен ғана туса керек. Мұның сыртында заманауи білім мен білік те аса маңызды. Яғни өз қазанымызда ғана қайнайтын уақыт өтті. Мысалы, эстрада өнерін немесе шоу-бизнесі заңды тұрғыда негіздеп отырған кім? Әрине, Америка, Англия, Еуропа. Осы орайда, өнерімізді дүниежүзілік деңгейге көтереміз десек, бізге олармен санаспауға болмайды. Яғни олар қандай аспапта ойнайды, қалай аранжировка жасайды, оны ескеру шарт. Бұл ретте белгілі әнші-композитор Жеңіс Сейдолла кезінде: «Сіз қазір орыс әндерінің 99 пайызынан балайқаны немесе баянды кездестірмейсіз. Біз керісінше, әндеріміздің 99 пайызына домбыраны да, қобызды да, бәрін-бәрін тықыптап тастағанбыз. Рас, «МузАрт» пен кейінірек трио, квартет болып шыққан жігітеріміздің біразы ұлттық аспаптарды ән-әуендеріне жақсы қолданды да. Бірақ әр нәрсенің өз уақыты, шегі бар. Әлемдік деңгейге шығу үшін бізге енді көп нәрселерді басқаша ойластыру керек», – деген пікір айтқаны бар.

Бір анығы, қазіргі уақытта қазақ әнінің, жалпы, қазақ өнерінің бірден-бір тыңдарманы, тұтынушысы қазақ халқы ғана болып отыр. Енді «Мұны өзгерту мүмкін бе? Басқаша айтқанда, қайткенде ұлттық өнеріміздің өрісін кеңейте аламыз?» дегенге келсек, бұл арадағы мәселе кәсібилік пен шебер-



лікке байланысты. Мысалы, халықаралық деңгейдегі аранжировкамен әрлесек, өңдей алсақ, кез келген қазақша әнді, тіпті халық әнін де бүкіл дүние жүзі тыңдар еді, әлемдік деңгейдегі үлкен конкурстарға да қысылмай қатыстырар едік. Өкінішке қарай, бізде сондай мамандарды, әншілерді мемлекеттік деңгейде арнайы дайындауға көңіл бөлінбей отыр. Рас, шоу-бизнесі көтеруге тырысып жүрген жеке продюсерлер жоқ емес. Бірақ Ж.Сейдолла айтпақшы, қанша тырысқанымен, бәрібір олардың шоу-бизнесі той-бизнеске айналады. Өйткені, олардың сүйрелеп жүрген Линдасы, «Ордасы», Макпал Исабековасы, бәрі-бәрі – Қазақстанның деңгейіндегі әншілер. Егер стильді өзгертпесе, айтып жүрген әндеріне халықаралық деңгейде аранжировка жасатпаса, одан шыға да алмайды.

Эстрада мен шоу-бизнесінің халықаралық деңгейге сай өлшемін Англия, Америка, Еуропа музыканттарынан көруге болады. Сол себепті де, өзін «композитормын» деп есептейтін әрбір адам шет

елдің жақсы-жақсы деген әндерін тыңдап, содан бірдеңе үйренуге тырысуы керек. Ән-әуенімізді олардың үздік аранжировкасымен байытып, өзара үйлесім тапқаннан ұтпасак, ұтылмайтынымыз анық. Бізде жақсы дыбыс режиссерлері, аранжировка жасайтын мамандар әлі де тапшы. Әншілеріміз сол үшін біресе Мәскеуге, біресе Ташкентке сабылып жатады. Бұл ретте мамандар: «Осындай қажетті, зәру мамандықтар бойынша жастарды шет елге жіберіп, оқытуымыз қажет. Үкімет оған қаржы бөлуге тиіс. Мысалы, «Болашақ» бағдарламасы бойынша заңгерлерді, математик, физик, химиктерді, жалпы, қаншама адамды жіберіп жатырмыз! Соның ішінде музыкант та, пианист те, скрипкашы да кетуге тиіс», – деген пікірде. Сол кезде ғана біздің музыка көтеріледі, сол кезде ғана біздің музыканы шет ел біле бастайды, өзара шығармашылық байланыс орнайды, қарым-қатынас, араласу басталады. Сөйтіп, мәдениетіміз де, шоу-бизнесіміз де көтеріледі.

С.САҒЫМ.

НЕ? ҚАЙДА? ҚАШАН?

Ерекше көрме

Алматыда ашық аспан астындағы
KITF TRAVEL PARK 2021
экспозициясы ашылды



KITF Travel Park – бұл туризм мен өнер бір-бірімен ұштасатын екі апталық іс-шаралар топтамасы. Мұнда Қазақстанның әрбір өңірінен, сондай-ақ көрші мемлекеттерден келген қонақтар өздерінің табиғи сұлулығымен, тарихи көрікті жерлерімен таныса алады. Көрмедегі әрбір стенд тақырыптық аймақ және арт-объект түрінде ресімделеді. Іс-шарада ішкі туризмді дамыту үшін Қазақстанның түкпір-түкпірінің тартымдылығын көрсететін арт-нысандар мен инсталляциялар орнатылды. Әр аймақтан келген қатысушылар өз жерінің жеке дизайнын қолдана отырып, туристік өнімдері туралы айтады. KITF Travel Park 2021 алаңы тірі тілдесу форматында туризм индустриясын дамыту үшін қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді мақсаттардың шешімдерін іздестіруге ықпалды демеу болуға арналған.

Өтетін орны: «Атакент» көрме орталығының серуендеу аймағынан 8 тамызға дейін тамашалай аласыздар (Тимирязев көшесі, 42).

Лотос гүлдеді

Алматыда шілде айының соңы мен тамыздың ортасы – лотосың гүл ашатын уақыты



Бұл сұлулықты Первомай тоғанынан көруге болады. Қазір қалалықтар осы керемет көріністі тамашалап, гүлдердің арасында суретке түсу үшін арнайы ағылып барып жатыр. Бұл жер алматылықтарға әлеуметтік желілер арқылы 2019 жылы белгілі болды. Тұрғындардың айтуынша, қасиетті гүл мұнда өткен ғасырдың 60-жылдарының соңында пайда болды, кейінірек ол тез өсе бастаған. Жалпы, лотос гүлі тазалықтың белгісі болып есептеледі. Оның бүршіктері күннің алғашқы сәулелерімен ашылады. Алдымен жапырақтары ашық қызғылт түсті болады да біртіндеп

қызылға айналады. Ымырттың басталуымен олар таңертең қайтадан гүлдену үшін су астына жасырынады. Аумаққа кіру 2 мың теңге тұрады. Жағалауда жалға берілетін арнайы күркелер бар. Ал таңғы 5-те келгендерге бар сұлулықты тегін тамашалауға болады.

Қаладан автокөлікпен жарты сағатта жетуге болады. Первомайский тоғандары Алматы облысының Іле ауданында, Солтүстік айналма жолынан 17,5 шақырым жерде орналасқан. Ал қоғамдық көлікпен барсаңыз, «Первомайские пруды» аялдамасынан кейін шамамен 20 минут жаяу жүресіз.

Цирк кереметі күтеді

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында
Қазақ мемлекеттік циркінде
Hello CIRCUS шоуы өтуде



Ерекше қойылымдар 15 тамызға дейін жалғасады. Алматы циркі осындай шараны карантиннен кейін, яғни бір жарым жылдан кейін алғаш рет өткізіп отыр. Цирк әртістері онлайн және офлайн режимде дайындалып, тынымсыз еңбек етті. Цирк бағдарламасында баланы да, үлкенді де зеріктірмейтін қойылымдар ұсынылған. Атап айтсақ, күштік атлет, даршылар, орыс таяқшасындағы гимнастар, эквилибристер, лопингтегі вольтижер-акробаттары, әуе гимнастары, үйретілген иттер, аттар! Осы уақытқа дейін өз көрермендерімен кездесуді ұзақ күткен шығармашылық ұжым алматылықтар мен оңтүстік астананың қонақтарын, нағыз цирк өнерін бағалаушыларын үлкен қуанышпен күтуде.

Өтетін орны: Қазақ мемлекеттік циркі (Абай даңғылы, 50).

Әзірлеген Айым НҮРМАН.



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

ТАБЫТ
ЖАСАУШЫЛАР
КӨБЕЙДІ

ҚАЗАҚСТАН жеріндегі Қарағанды, Қостанай және Павлодар облысында вакцина паспортын жасатып пайдаланған азаматтардың үстінен 4 қылмыстық іс қозғалып, сотқа жолданған. «Жалған құжат қолданғаны үшін Қылмыстық кодекстің 385-бабының 3-бөлігі бойынша 40 тәулікке дейін қамау жазасы қарастырылған. Бірақ нақты жазаны сот тағайындайды.



ҚР Ішкі істер министрлігі өкілдері вакцина паспортты мен ПТР-тест қорытындысын қолдан жасаудың жазасы бұдан әлдеқайда ауыр екенін ескертеді. Қолдан құжат жасағаны үшін Қылмыстық кодекстің 385-бабының 2-бөлігі бойынша 4 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

АҚШ мемлекетінің Нью-Йорк штатындағы вакциналау орталығында екпенің алғашқы дозасын алғандарға 100 доллардан беріледі. Ол үшін арнайы веб-сайтқа тіркелу қажет. Штатта оқушылар да егіле бастады. Оған «дельта» штаммының өршуі себеп. Жаңа ережеге сай вакцина салдырмағандар жабық ғимараттарда бетперде тағып жүруі тиіс.

Голливудтағы «Netflix» компаниясы студиялық жобаларға түсетін актерлерге, сондай-ақ олармен байланыста болатын қызметкерлерге вакцина алуды міндеттеді.

ИЗРАИЛЬ жерінде 12 жастан асқан жасөспірімдерге екпе егу науқаны жүріп жатыр. Вакциналау қарқыны бұл мемлекетте жоғары болғанымен, індетті жұқтыру көрсеткіші өсіп барады.

Бұл ел вакциналау ауқымы бойынша әлемдегі көшбасшылардың қатарында. Халықтың 60%-ы, ал ересектердің 80%-ы екпе салдырған. Соңғы екі аптада 200 мыңдай адам вакцина алған, олардың көбі жасөспірім.

ИТАЛИЯ елінде де енді жасы 12-ден асқан балаларға америкалық «Moderna» екпесін салуға рұқсат берілді. Мамандардың айтуынша, вакциналау нәтижесінде өрендерде үлкендермен бірдей антидене қалыптасады екен.

Бүгінде Италиядан бөлек, АҚШ, Франция, Канада, Сингапурде балалар вакцина салдыра алады. Ал Қытайда екпені жасы 3-тен асқан бүлдіршіндерге де шұғыл жағдайда қолдануға рұқсат берілген.

ИРАК астанасы Бағдатта КВИ-ге қарсы екпе салдырушылар қарасы қалың. Бүгінде емдеу орындарында ұзын-сонар кезектер пайда болған. Себебі, қалада соңғы уақытта вирустың таралуы қайта күшейген.

Дереккөздерге сүйенсек, Иракта соңғы бір күнде 12 мыңнан аса адам коронавирус жұқтырып, 60 науқас көз жұмған.

ИНДОНЕЗИЯ елінде соңғы уақытта табыт жасаушылар көбейген дейді. Оған елде індеттің күрт күш алып, өлім-жітімнің артуы себеп көрінеді. Мәселен, соңғы бір тәулікте коронавирустан 2 мыңнан астам науқас көз жұмған. Ал жұқтырғандар саны 45 мыңнан асып жығылған. Соның салдарынан ауруханаларда орын жетпей, вирустан көз жұмғандар саны өсіп, жерлеу табытына сұраныс артқан.

Әзірлеген Нұр ЖАМАЛ.



Айнұр
СЕНБАЕВА

Дәл қазір Алматыдағы эпидемиологиялық ахуал өте күрделі болып тұр. Алматы қаласының Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшин Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте індеттің кезекті «төртінші толқынының» шарықтау шегі тамыз айының ортасында, қыркүйектің басында болуы мүмкін екендігін жасырмады. Өйткені, мамандардың болжамы осындай.

«Соңғы аптада коронавирусқа қатысты эпидемиологиялық ахуал ушығуда. Шілденің орта шенімен салыстырғанда өткен аптада КВИ жағдайының тіркелуі 1,4 есеге артқан, яғни 5790-нан 8393 жағдайға дейін өсті, тәуліктік өсім 1,5%-ды құрады. 23 шілдеден бастап КВИ-дің күнделікті тіркелуі 1 мыңнан асты және қазірдің өзінде 1450-ді құрайды. Осы айда Алматыда вирус жұқтырған 20 818 науқас анықталды, ал жыл басынан бері 76 603 науқас тіркелді», — деді спикер.

Алматының Бас санитар-дәрігері Жандарбек Бекшиннің хабарлауынша, бүгінде вакцинаның бірінші компоненті мегаполис халқының ресми санынан 35%-ға артық, екіншісін халықтың 24%-ы алған. Ересек тұрғындар арасында вакцина алғандар кем дегенде 60%-ға жетуге тиіс.



Спикердің айтуынша, күн сайын вакцинаның 1-ші компонентін 7,7 мыңнан астам адам алады. Алайда, бұл көрсеткіш эпидемияның қазіргі толқынын тұрақтандыру үшін жеткіліксіз болып отыр. Қалада «дельта» коронавирус нұсқасының таралу қарқыны өте жоғары. Ж.Бекшиннің айтуынша, вакцина індеттің күрделі кезеңінен өтуге көмектеседі. Бүгінде Алматыда ағзаны індеттен қорғайтын толық вакцина желісі бар.

Қазіргі таңда балалар мен жастар қауіп аймағында тұр. Соңғы екі аптадағы жас құрамын талдау нәтижесі бойынша, 1 жасқа дейінгі балалардың ауруды жұқтыруы жиілеп кеткен. Барлық КВИ науқастарының 2,8%-ын құрайды. Өткен аптада 136 жағдай болса, осы аптада 190 бала тіркелген.

Жалпы, мәліметке сәйкес, 14 жасқа дейінгі балалар арасында 965 жағдай

ДЕРЕКТЕР СӨЙЛЕЙДІ

ШЕШЕК
қалай ауыздықталды?

Нұржамал
ӘЛШЕВА

1959 жылдың желтоқсан айының соңында танерген Внуково әуежайына әйгілі суретші Алексей Кокорекин отырған ұшақ келіп қонды. Ол аздап жөтеліп тұрды. Бірақ ызғарлы желтоқсан айында кімді жөтелмен таңқалдыра қоярсыз. Бірақ әлгі жөтелі аяқасты күшейіп, дене қызуы көтеріліп, дәрігерге баруына тура келді. Ақ халаттылар суретшіні ауруханаға шұғыл жатқызды. Бірақ ол соның артынша-ақ көз жұмды. Мәйітті ашып көрген қарт патологоанатом Н.Краевский бұл қатерлі шешек індеті екенін үрейлене жеткізеді.

1936 жылы КСРО-да бұл кеселді жаппай вакциналау арқылы жеңген болатын. Дәрігерлер оның енді қайтып оралмайтынына сенімді еді. Сондықтан болар, тіпті ол ауруды бәрі ұмытып та кеткен. Бірақ әйгілі кеңестік суретші, Сталин сыйлығының екі мәрте лауреаты Алексей Кокорекин Үндістанға барған сапарында провинциялардың бірінде шешек ауруынан қайтыс болған брахманды өртеу рәсіміне қатысқан сәтінде осы бір қатерлі індетті жұқтырып алған болып шықты. Ал қайғылы күннің

екінші тәулігінде марқұм суретшіні ауырып келгенде қабылдаған тіркеу бөлімінің қызметкерінен де, Кокорекинді қарап шыққан дәрігерден де, тіпті сол сәтте суретші жатқан палатаның алдынан өтіп бара жатқан жасөспірімнен де шешек вирусы табылады.

Екі аптадан кейін Боткин ауруханасының бірнеше пациентінен Кокорекиндікіндей ауру белгілері байқалған: безгек, жөтел және денедегі бөртпелер. Дереву науқастардың бірінің терісінен алынған материал Вакциналар мен сарысулар ғылыми-зерттеу институтына жіберіледі. 1960 жылғы 15 қаңтарда академик Морозов жөнелтілген материалдан шешек вирусының бөлшектерін анықтайды. Бұл хабар еліміздің жоғарғы басшылығына жедел жеткізіледі.

Сол күннің екінші жартысында Хрущевтің жиналысында шешек індетін болдырмау үшін шұғыл іс-шаралар кешені қабылданады. Елордалық полиция мен МҚК-ның жеке құрамына суретшінің Үндістанда ұшаққа отырғызылған сәттен бастап кіммен байланыста болғанын қысқа уақыт ішінде анықтау міндеті қойылады. «Қауіпті аймаққа» ұшақ жолаушылары, оның экипажы, кеденшілер, суретшінің әріптестері, достар, туыстары түсті. Марқұм одан

және 40–59 жастағы азаматтар арасында 1824 жағдай тіркелген. 60 жастан асқандар — 1487 адам.

Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау департаментінің басшысы Жандарбек Бекшин тұрғындарды өзара байланысты шектеуге шақырды. Ол халықтың дертті жұқтыратын негізгі орындары сауда нысандары, отбасылық байланыс және қоғамдық көліктер екенін айтты.

Соңғы 7 күнде Алматыда КВИ жұқтыратын негізгі орындар мыналар: сауда нысандарында — 35%, отбасылардағы байланыстар — 19%, қоғамдық көлікте қатынау — 16%, базарлар — 14%, саябақ пен халықтың демалатын жаяу жүргіншілер көшелері — 3,6% болды.

«Ashyq» жобасына қатысушы нысандарға бару кезінде жұқтырғандардың үлес салмағы 106-дан 186 адамға дейін артты. Бұл олардың кіреберістегі келушілерді бақылау бойынша ресми жұмысы туралы куәландырады. Жобаға деген осындай көзқарас ХҚКО-да 16 адамды, сауналарда, бассейн мен фитнес-орталықтарда 11 адамды, мейрамханаларда, кафелерде 8 қала тұрғынын және банктер залдарында 5 адамды анықтады», — деді Ж.Бекшин.

Мегаполистің Бас санитар-дәрігері алматылықтардан міндетті түрде бетперде тағуды, жұмыс бөлмесін, үй-жайларды үнемі желдетіп отыруды, адам көп жиналатын орындарға бармауды өтінді.

өзге бірнеше апта бойы тағы бірнеше мың адаммен байланыста болған. КСРО МҚК, ИМ және Денсаулық сақтау министрлігі өкілдері бірлесе отырып, күн-түн демей жұмыс істеп, суретшімен жолдары әйтеуір бір қиылысқан адамдардың барлығын іздеп тауып, оқшаулайды. Суретшінің Үндістан жерінен әкелген сыйлықтары, матадан тігілген бұйымдар түгел өртеледі. Боткин орталық ауруханасы бірден қоршауға алынып, карантинге жабылды. Мыңдаған науқас пен медперсоналдар оның қабырғаларынан шыға алмай қалды. Еуропа аспанымен Мәскеу-Париж бағытымен ұшып бара жатқан, алдында марқұм суретшімен бір рейсте болған жолаушы мінген ұшақ та дер кезінде кері қайтарылады. Сөйтіп, Жаңа жылды енді ғана қарсы алған Мәскеу қақпасы әскери қатаң тәртіппен толықтай жабылады. Оған кіруге де, одан шығуға да болмайды: барлық рейс тоқтатылды, теміржол қатынасы үзілді, жолдар жабылды. Дәрігерлерден құрылған медициналық бригадалар 24 сағат бойына жұмыс істеп, шешек инфекциясын тасымалдаушылар болуы мүмкін деген жаңа пациенттерді ауруханаға жатқыза бастады. Жұқпалы аурулар ауруханасында карантинге жабылған адамдарға арналған жаңа төсектер көбейіп кетті. Бір аптаның ішінде дәрігерлердің бақылауында 10 мыңға жуық адам тұрды. Міне, бұл Дели-Мәскеу әуе рейсінің бар-жоғы бір жолаушысынан-ақ тарап кеткен індет еді.

Сонымен қатар, ықтимал пандемияға қарсы операцияның екінші кезеңі — халықты шұғыл вакциналау басталды. Екпені дәрігерлер барлық мәскеулікке және қала қонақтарына салды.

Нәтиже қандай? Мәскеуде осы індет кезінде Кокорекиннен 19 адам шешек жұқтырған (олардың 7-еуі марқұмның туысы). Ал олардан тағы 23 адам жұқтырған, олардан тағы 3-еуі. Жұқтырған 46 адамның 3-еуі қайтыс болған.

Сол жылы, яғни 1960 жылы Мәскеудің барлық 7 млн. тұрғынына шешекке қарсы вакцина салынған. Апта сайын 1,5 млн. адам екпе алған. Бір ғана Мәскеудің өзінде жұмыс істеген 10 мың екпе бригадасында дәрігерлер мен фельдшерлерден басқа медициналық жоғары оқу орындарының студенттері де атсалысқан. Нәтижесінде бір айдан кейін шешек ауруының жолы кесілді.

ВАКЦИНА — қатерлі індетті ауыздықтаудың жалғыз жолы!



COVID-19: АҢЫЗ ЖӘНЕ АҚИҚАТ

ҰШАҚТАР ДЕЗИНФЕКЦИЯ ЖҮРГІЗБЕЙДІ



What'sApp мессенджерінде «Қазақстанда 24 шілде мен 4 тамыз аралығында COVID-19 өршиді. Осыған байланысты қалалардың үстінен ұшақтар дезинфекция жүргізеді» деген хабарлама таралуда. Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау

комитеті бұл ақпаратты теріске шығарды. Ақпарат шындыққа жанаспайды. Дезинфекциялық заттарды әуе көлігінен бүрку де жоспарда жоқ, – деп хабарлады ведомствоның ресми өкілі Ержан Байтанаев.

ҮЙ ЖАНУАРЛАРЫНАН ЖҰҚПАЙДЫ

Үйдегі жануарлар да коронавирусты қожайынынан жұқтыруы мүмкін. Нидерланд ғалымдарының зерттеулері соны көрсетіп отыр. Сынақ дерт шыққан 200 үйдегі мысық пен итке жүргізілген. Нәтижесінде үй жануарларының 17%-ының ковидпен ауырғаны анықталса, тағы 4%-ы ауруға шалдыққан күйде ұшырасқан. Бірақ вирустың жануардан иесіне жұғуы тіркелмеген. Сондықтан мамандар корона-вируспен ауырғанда үйдегі жануарға жақындамауға кеңес береді.

Десе де, АҚШ-та коронавирусқа қарсы шектеулер жеңілдетілгеннен бастап адамдардың қолындағы үй жануарларын асырап алу орталықтарына кері қайтаруы көбейген. Мысалы, өткен жылмен салыстырғанда мұндай орындарға қайтарылған үй жануарлары 80%-ға өскен. Мамандар мұны елдің қалыпты өмірге қайта оралып, жануарға қарауға уақыты азайғанымен түсіндіреді. Германия да осындай мәселеге тап болған. Бұл елде, әсіресе, тұрғындардың қолындағы иттерін өткізуі жиілеген.

ФЕЙККЕ СЕНБЕҢІЗ

Жалған жаңалық, фейк ақпарат тарату, сол арқылы халық арасында дүрбелең туғызу қай кезде де болған. Қазіргі пандемия кезінде тіпті көбейді. Дегенмен, бүгінде негізсіз ақпаратқа сеніп, алаңдауға себеп жоқ. Өйткені, қазірде әлеуметтік желіге жарияланған немесе отбасылық чатқа келген күдікті кез келген мәліметті stopfake.kz ресми сайтында тексеруге болады.

– Біз кате жаңалықты немесе жалған болып көрінетін хабарламаларды тауып, тексереміз. Әлеуметтік желілерге мониторинг жасаймыз. Күніне 10 шақты фэйк ақпаратты тексереміз, – деді Stopfake.kz жобасының жетекшісі Александр Данилов. Оның сөзіне сүйенсек, көп жағдайда фэйк жаңалықтың дереккөзі болмайды. Ал бол-

ған күннің өзінде сілтеме жасалған мекеме немесе маман көбіне күдік тудырады.

– Жалған ақпарат таратқандарға 1000 айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады. Не болмаса, түзеу жұмыстарына, не 400 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартылады. Сондай-ақ, 1 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеу не сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы қолданылады, – деді ҚР Ішкі істер министрлігінің өкілі Шұғыла Тұрлыбек.

Жалпы, жыл басынан бері ел бойынша фэйк ақпарат таратқандарға қатысты 43 қылмыстық іс қозғалған. Оның біреуі сотқа жолданды. Ал былтыр дәл осы кезеңде, яғни індет өршіп тұрған кезде 63 жалған мәлімет анықталған.

БЕТПЕРДЕСІЗ ЖҮРМЕЙІК

Межелі жерге тез әрі қолжетімді багада жету үшін көпшілігіміз қоғамдық көліктерді пайдаланамыз. Алайда, автобустарда бетперде тақпайтындар көбейді.

Осынау бей-берекетсіздіктің алдын алу мақсатында, мониторингтік топ өкілдері таңғы сағат 07.00-ден бастап қала ішіндегі қоғамдық көліктерді тексеріп шықты. Тексеру барысында 100-ден астам автобус пен троллейбусқа мониторинг жүргізіліп, бетперде режимінің, әлеуметтік арақашықтықтың сақталуын қадағалаған. Мониторингтік топ өкілдерінің айтуынша, қоғамдық көліктердің көбінде карантиндік талаптар сақталмаған. Оның ішінде: №1, 98, 32, 123, 79 11, 9, 45, 22, 135, 105, 201, 7, 126, 60, 114, 25, 5, 5 Б, 29, 65, 37, 205, 224, 20, 148, 38, 62, 210 автобустарының жүргізушілеріне жолаушыларына ескерту айтылып, тегін бетперде таратылған. Сондай-ақ, 14 жеке тұлғаға қатысты ҚР



әкімшілік кодексінің 425-бабы 1-бөлігі бойынша әкімшілік хаттамалар толтырылып, бетперде режимін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

Еске сала кетсек, COVID-19 індетін қоғамдық көліктерде жұқтыру көрсеткіші де өсіп отыр. Сондықтан сақ болайық, талап-ережені сақтайық.

«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ»



Мәдина ЖАКСЫЛЫҚҚЫЗЫ, «Әділет» ЖШС аға бақылаушысы:

– Шаһарда эпидемиалдың нашарлап бара жатқанын байқап отырмыз. Өзіміздің денсаулығымызға, қарт ата-аналарымызға қатты алаңдағандықтан, «Спутник V» вакцинасын ектірдім. Бүгінде жұмыс істеп жатқан автопаркке қарасты №27, №60, №114 автобустарының қызметкерлері, бақылаушылардың барлығы дерлік екпенің екі бірдей компонентін алды. Қазіргі таңда денсаулығымыз жақсы, еш жерімізден ауырсыну белгілері байқалмайды. Жұмысымыз қоғамдық көлікте, жолаушылардың жолақыларын тексерумен өтетіндіктен, кімнің ауырғанын, ал кімнің дені сау екенін білмейміз. Біреулер жөтеліп жатса, енді бірі түшкіріп отырады. Оларды көріп, бізге жұғып кетпесе екен деп күдіктенесің. Соңғы уақытта, 4-5 айдың көлемінде қаламызға екпенің келгенін естігенде, төбеміз көкке жетті. Екпе кішкене болса да, қорғаныш болады деген сенімде болдық. Сол себептен де, вакцинаны ектіруден қорықпаңыз, басқаларға зияныңыз тигеннен сақтаныңыз.



Инабат ҚҰДАЙБЕРДИ, қала тұрғыны:

– «Спутник V» вакцинасының бірінші дозасын алдым. Үш күн бойы дәрігерлердің бақылауында болдым. Ешқандай кері әсері байқалмады. Жұмысымды бірқалыпты істеп жүрмін. Әрине, көңілімде індеттен туған үрей бар-ды. Мен оны жеңдім. Осы күдік адамдардың екпе алуына да кері әсер етіп тұрғандай. Қала тұрғындарын екпе салу арқылы індетті толық жеңіп, қалыпты тіршілікке оралатын күннің жақын қалғанына сендіргім келеді. Барлығымыз бірігіп, ұжымдық иммунитет қалыптастырып, екпенің екі бірдей дозасын алайық.

«КОВИД-МӘРТЕБЕҢІЗ» ҚАНДАЙ?



Шаһардағы әуежай мен теміржол вокзалдарында «Ashyq» қосымшасы бойынша адамдардың ковид-мәртебесін тексеру күшейтілді.

– Алматы халықаралық әуежайында көлік полициясының қызметкерлері әуежай қызметкерлерімен бірге тексеруді күшейтті. Олар күні кеше Түркияға дема-

лысқа ұшуды жоспарлаған бейтаныс адамнан ПТР-анықтамасы мен билеттерді бірге сатып алған қыз бен жігітті ұстады, – деп хабарлады көліктегі полиция департаментінің бастығы Оңал Бекіев.

Құқық бұзушылар ұшуға жіберілмеді. Аталған факт бойынша 385-баптың 3-бөлігіне (жалған құжатты пайдалану) қатысты тергеу жүргізілуде.

«Ashyq»-тың өз тәртібі бар

Алдағы күндері шаһарда «Ashyq» жүйесін қолданбайтын нысандардың жұмысы шектеледі. Олар 2–16 тамыз аралығында жабық болады. Ал «Ashyq» бойынша жұмыс істейтін ғимараттар 5 сағат артық, яғни кешкі сағат 22-00-ге дейін жұмыс істей алады. «Ashyq» көшбасшылары» деген мәртебесі бар нысандар түнгі сағат 12-ге дейін жұмыс істейді.



ПТР-тесттен тегін өтеді

Алматыда тегін ПТР-тестілеуден жүкті әйелдердің, науқаспен байланыста болғандардың және клиникалық белгілері бар тұлғалардың тегін өтуіне мүмкіндік бар. Шаһардағы барлық емханада учаскелік дәрігер, кезекшілер қызмет

көрсетеді, әрі Телемедицина орталығы 24/7 жұмыс істейді. Олардың бәрі дерлік науқастарға көрсеткіштері бойынша толық жауап береді және ПТР-тестілеуден қайда және қалай тегін өту керектігін айтады.

Жаңа түс

Еліміздегі өңірлердің эпидемиологиялық ахуалын айқындайтын жаңа аймақ пайда болды. Ол «қоңыр-қызыл» деп аталады. Енді 9 тамыздан бастап стационарларының 70%-ы толған өңірлер «қоңыр-қызыл» аймаққа енген болып саналады. Ал 2 тамыздан бастап демалыс күндері «қоңыр-қызыл» аймақтағы кәсіпорындар мен ұйымдар жабық болады. Алайда,

әкімдіктер, құқық қорғау органдары, денсаулық сақтау мекемелері, бұқаралық ақпарат құралдары, дәріхана, азық-түлік дүкендерінің жұмыс істеуіне рұқсат етіледі.

Әзірлегендер
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ,
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

Жұмыс бар



Алматы қаласының Бостандық ауданында биыл 4000 жаңа жұмыс орнын ашу жоспарланған болатын. Қазіргі кезде осы меже 66%-ға орындалған, яғни 2670 жұмыс орны ашылған.

– Жыл соңына дейін жоспарды 117,5%-ға орындап, 4699 жұмыс орнын ашуды көздеп отырмыз. Атап айтқанда, 1230 жұмысшы құрылысқа жұмылдырылып, жаңа коммерциялық нысандарға жұмысқа орналастырылды. Олар жаңа тұрғын үй кешендерінің бірінші қабаттарында ашылады, сондай-ақ спорттық, әлеуметтік

нысандарда, энергетика мен абаттандыруда жұмыс орындары пайда болады, – дейді Бостандық ауданының әкімі А.Рахымбетов.

Бірінші жартыжылдықта «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында ауданда 2802 адам жұмысқа қабылданған. Әлеуметтік жұмыс орындарына 184 алматылық жіберілген болса, «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы бойынша 171 адам жұмысқа тұрған. Ал қоғамдық жұмыстарға 1117 адам жіберіліп, ауданның 1171 тұрғыны тұрақты жұмысқа орналастырылған.

Нұр ЖАМАЛ.



Әсел
ДАҒЖАН

Бүгінде Үлкен Алматы айналма автомобиль жолының құрылысы қызу жүріп жатыр. 2019 жылы басталған жоба жоспар бойынша 2024 жылы пайдалануға берілуге тиіс. «Орталық – Оңтүстік» дәлізі жобасы аясында салынып жатқан аталған жол құрылысының салыну барысымен «БАКАД Инвестициялар мен операциялар» ЖШС директоры Айман Жанұзақова таныстырды.

«Айналма жолдың ұзындығы 66 шақырымды құрайды. Оның құрылысы 2019 жылы басталған. Қазір қызу жұмыс жүріп жатыр. 66 шақырым автомобиль жолының 13 шақырымы 4 жолақты, қалғаны 6 жолақты болады. Тасжол 1 дәрежелі болмақ және онда сағатына 150 шақырым жылдамдықпен жүруге болады. Жалпы, бұл жерде 8 бағыт бойынша айналма жол бір-бірімен байланысады және ол өзара 38 көпірді



жалғайды. Келісім-шарт пен жобаның жоспарына сәйкес, біз 2024 жылы аяқтауымыз керек. Дегенмен, жұмысты ерте бастағандықтан, негізгі жұмыстарды уақытынан бұрын 2022 жылы аяқтап, 2023 жылы пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Және жол ақылы болады», – деді Айман Жанұзақова.

Оның айтуынша, аталған компания Үлкен Алматы автомобиль жолының сапасы мен күтіміне 16 жыл бойы жауапты болады. Өз кезегінде «QazAvtoJol» ұлттық компаниясы АҚ Алматы облыстық филиалы дирек-

торының міндетін атқарушы Болатбек Айтбаев YAAAЖ мемлекеттік маңызды жоба екенін және құрылыс барысымен Үкімет басшысының өзі келіп танысқанын айтты.

«Үлкен Алматы айналма автомобиль жолы (YAAAЖ) біріншіден, көлік кептелісі мәселесін азайтады, екіншіден, қаланың басқа өңірлермен қарым-қатынасы үшін маңызды. Айналма жол Алматы қаласымен қатар, облыстың Қарасай, Іле және Талғар аудандарын байланыстырады. Жобаны уақытынан бұрын аяқтап, 2023 жылы халық игілігіне беруді көздеп отырмыз», – деді Б.Айтбаев.

Автомобиль жолының жобасына сәйкес 16 мың түп ағаш кесіледі. Бірақ 1 түп ағаш кесілсе, орнына 5 түп ағаш отырғызу талабы бар.

«Бізге ағаш отырғызумен қатар, экологияны жақсартуға арналған жоба бар, демек біздің міндет кесілген ағашты қайта қалпына келтірумен шектелмейді. Одан бөлек, біздің компания айналма жолдың сапасы мен күтіміне 16 жыл бойы жауапты болады», – деді Айман Жанұзақова.

Тренажер бағасы аспандап тұр



Серік
ЖҰМАБАЕВ

Қазір Алматы мен Елордада, облыс орталықтарында фитнес-клуб, спорт залдары аз емес. Бірақ мына әлемдік пандемия, дағдарыс, күнделікті күйбең тірлік пен жұмысбастылықты ескеріп, жұртшылықтың тән саулығына жаппай ден қоюына мұрша беріп жатқан бірде-бір спорт залы жоқ. Олар әлдеқашан қалтасы қалыңдарға ғана қызмет көрсетудің жолына түсіп кетті.

Мәселен, бір ғана Алматыда ірілі-ұсақты 70-ке жуық фитнес клубтар, сауықтыру орталықтары бар. Алайда, олардың бағасы, қызмет көрсету құны өте қымбат. Тренажер залына аптасына үш рет

Жүйелі шаралар керек

Оның үстіне, бізде ИМ, Кеден комитеті, «ҚазМұнайГаз», «Қазақстан теміржолы» сияқты мекемелер мен әрбір университеттің, т.б. ұжымдардың бас-басына спорт кешендері бар. Бұлардың барлығы мемлекет қаражаты есебінен салынды. Солай бола тұра, олар да жұртшылыққа қолжетімді болмай тұр. Халық үшін салынған нысандарды да қалың бұқара пайдалана алмай отыр. Шынында да, ведомстволық спорт кешендері олардың жекеменшігіне айналып кеткендей. Өзгелерді есігінен аттап бастырмайды.

Біреу жыл бұрын елімізде бұқаралық спортты дамытуға ерекше көңіл бөлінді. Әрбір облыс, аудандарда түрлі спорттық нысандар ашылды. Бірақ бүгінде спорттық нысандардың қолжетімділігіне қатысты сұрақтар көбейді. Қоғамда спорттық нысандардың, яки спорттық секциялардың қымбаттығына қатысты алаңдаушылық артып отыр. Спорт жанашырлары мәселені жылы жаба салмай, оны түбегейлі шешу керектігін айтады. Әсіресе, құзырлы министрліктер есеп үшін өзіне тиесілі шараларды атқарумен шектелмеу керек. Ұлт саулығы мәселесі тұрған жерде білімге, спортқа және денсаулық сақтауға жауапты ведомстволар біріге отырып, жүйелі шаралар атқару қажет.



Бұқаралық спорт қалай дамымақ?

Бір қуанарлығы, Алматыда балаларға арналған түрлі тегін спорт алаңдары ашылып жатыр. Дегенмен, оның кейбірі жауапсыз мердігерлердің кесірінен қирап, жарамсыз болып қалған. Дәнекерлеген темірлері сынып, сапасыз жасалғаны аңғарылып тұрады. Ал ведомстволарға қарасты спорт кешендері қарапайым халықтың қалтасына сай қызмет көрсетпей отыр. Оларға қаржысын төлемей кіре алмайсыз. Бағасы аспандап тұр. Біз бұлай жүріп, бұқаралық спортты қалай дамытпақпыз?

Сондықтан мұны мемлекеттік деңгейде

шешетін уақыт жетті. Егер мемлекет тиісті тапсырмалар беріп, оны жіті қадағалап отыратын болса, шешілмейтін мәселе жоқ. Өйткені, сондай үлкен ведомстволардың басшысы сол спорт кешенінен түсетін табысқа күндері қарап қалмайды. Олардың онсыз да бизнесі, табысы жеткілікті. Бұл жерде тек ынта мен ықылас керек. Министрлік пен жергілікті әкімдік бірлесе отырып істің нәтижелі шешілуіне мүдделі болуға тиіс.

«Мұны ретке келтіру үшін мемлекет, жергілікті әкімдіктер спорт кешендері бар ведомство басшыларымен келісім-шартқа отыруы керек. Осылайша олар белгілі бір күндері жастарға тегін қызмет көрсетіп, ал оның шығынын мемлекет төлеуі тиіс.

Әйтпесе, олар жұртшылыққа тегін қызмет көрсете алмайды. Егер олар жастардан ақы алмай тегін кіргізе берсе, ертеңгі күні спорттық жабдықтардың барлығы ескіріп, тоз-тозы шығып кетсе, оны қалпына келтіруге қаражатты қайдан табады? Өйткені, спорт жабдықтарының барлығы мәңгілік емес, оны күтіп, жөндеп ұстамаса, ол да күндердің күнінде тозады. Сондықтан бұған байыппен қарап, жан-жақты ойластырып барып шешім қабылдауымыз керек», – дейді қазақ күресінен спорт шебері Руслан Медетбекұлы.

Мемлекеттік қолдау қажет

Негізі, мемлекеттің есебінен салынған спорттық кешендердің барлығы дерлік тиімді пайдаланылып отырған жоқ. Бұл жерде ірі кәсіпорындарға қарасты спорт кешендерін айтпай-ақ қойық, қарапайым мектеп спорт залдарының өзі көп жағдайда бос тұрады. Үш ай демалыста да олардың есігі ашылмайды. Оқушылар оны тек оқу кезінде ғана ара-тұра пайдаланып жүр. Егер кешкі 7-де сабақ бітсе, сол мектептің маңайында тұратын бір

қызметкерге жауапкершілік артып, 8-ден 11-ге дейін спорт залдарын ашып қойсақ, осының өзі жастарға үлкен көмек болар еді. Ал ведомстволық спорт кешендері қарапайым жұртшылыққа қолжетімді болуы үшін мемлекет оларға қолдау көрсетуі тиіс.

Қалай десек те, бұқаралық спортты дамыту үшін «100 мектеп, 100 аурухана» секілді «100 спорт кешендерін салу» бағдарламасын қолға алуымыз керек секілді. Егер

осындай бағдарламаны қабылдап, жүйелі түрде жұмыстар атқарсақ, бұқаралық спортты дамытуға үлкен мүмкіндік болар еді. Қарап тұрсаңыз, миллиардтаған қаржыға шет елден неше түрлі дәрі-дәрмек сатып алып жатырмыз. Бірақ халықтың денсаулығы жақсарып кетті ме? Жоқ. Елдің денсаулығын арттыру үшін спорт кешендерін көптеп салу керек. Осыны ертерек қолға алсақ жақсы-ақ болар еді.



«АЛМАТЫ» ТАҚТАЛАРЫ

әлемнің еш елінде жоқ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Ұлы дала дәстүрі жастардың қалалық мәдениетіне қалай енеді? Алматылық Максим Сорокин ерекше жоба ойлап тапты. Ол белсенді жастарды мәдени құндылыққа бауып, қазақ халқының дәстүрімен таныстыра отырып, дәстүрлі бұйымдар бейнеленген бордалар жасайды.

Бір қуантарлығы, көрпешелер мен дәстүрлі киіз төпішкелері бар тақталар жас ұрпақтың көңілінен шықты. Экстремалды спортшылардың өздері ұлттық тақталарды жылы қабылдаған. Олар шет елдерде өтетін жарыстарда тек спорттық шеберлікті ғана емес, сонымен қатар қазақ жерінің дәстүрін, мәдениетін паш етуге болатынын тілге тиек етті.

– Дизайнға қатысты идеялар өте көп. Біздің бірінші топтамамыз 90-жылдардың стиліне сәйкес жасалды. Біз ол кезде танымал Sony Walkman ойнатқышына, аудиокассеталарға және ойын приставкаларына сілтемелер жасадық. Екінші топтамада этникалық және қалалық мотивтер пайда болды. Біз бұны Алматы мен Қазақстанның мәдениетіне деген сүйіспеншілігіміз бен құрметімізді көрсетудің тамаша мүмкіндігі деп білеміз, – деді жоба ұйымдастырушысы Алексей Ефимченко.

Барлық тақта канадалық үйеңкіден жасалған. Әдетте тақта тығыз басылған және бір-біріне желімделген жеті қабаттан тұрады. Өзірге Қазақстанда тақталар өндірісі жолға қойылмаған, өйткені тиісті зауыттар жоқ. Әлем елдерінде де олар көп емес. Ал Алматы бордтары сияқты бірегей дизайн әлемнің еш жерінде жоқ көрінеді.



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне бес айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 4 айға 2402,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 4 айға – 6482,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 4 айға – 1732,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!

«Үйшік» ой салды



Айым
НҮРМАН

30 шілде – Дүниежүзілік адам саудасына қарсы күрес күніне орай Алматы қаласының Мемлекеттік қуыршақ театры «Үйшік» қойылымын ұсынды.

Балалар спектакль барысында ғажайып орманға тап болып, ондағы тұрғындармен танысады. Ормандағы әрбір тұрғын балаларға түрлі қызықты ойындар, би, жаттығу түрлерін үйретеді. Қойылымның негізгі идеясы – кішкентай көрерменге тіршілік дегеннің күрес екенін, кім болмасын жаны үшін арпалысқа түсіп, «жеңіс» жолында түрлі қулық-сұмдықтан, қитұрқы

әрекеттерден аулақ жүруді насихаттайды.

Қойылым балаларды қонақжай, қайырымды, тату болуға шақырады. Балалар ертегі кейіпкерлерімен бірге оқиға ішіне еніп, барлық қиындықтарды бірге жеңуге көмектеседі. Орыс халық ертегісінің негізінде сахналанған жарқын әрі қызықты қойылымның режиссері – Антон Зайцев, авторы – Елена Локшина.

Қуыршақ театрының ұжымы Алматы қаласының балдырғандары мен қала қонақтарын ғажайыпқа толы қуыршақтар әлеміне бірге саяхат жасап, өнер сүйер жандардың жанына рухани азық сыйлау мақсатында жазда демалыссыз жұмыс жасауда.

Санаққа сақадай сай



Әсел
ДАҒЖАН

Медеу ауданында халық санағына дайындық жоспар бойынша жүргізілуде.

Елімізде халық санағының басталуына бір айдан астам уақыт қана қалды.

«Халық санағына дайындық жоспар бойынша жүргізілуде. Ауданда санақтың бірінші кезеңін өткізу үшін бес уәкілетті учаске құрылды. Санақ қызметкерлерімен еңбек шарттары іріктеліп, жасалды. Барлығы студент жастардан, сондай-ақ жұмыс тәжірибесі бар

нұсқаушылардан 86 адам қатысады. Олардың барлығы оқудан өтті», – деді аудан әкімі Ә.Масабасев.

Үйлердің тізімі дайындалып, санақты өткізудің жоспары жасалды. Көшелердің атауы мен үйлердің нөмірлері көрсетілген 6 мыңнан астам аншлағ орнату бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Естеріңізге сала кетейік, алдағы халық санағы цифрлық технологияларды қолдану арқылы өтеді. Ол өз кезегінде өте ыңғайлы. Басты жаңалық – халықтың санақ парақтарын электрондық нысанда өз бетінше толтыру мүмкіндігі болады. Жалпыұлттық санақ 1 қыркүйек пен 30 қазан аралығында өтеді.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жаттықтырушысы, грек-рим күресінің спорт шебері, оған қоса еркін күрестен спорт шебері болған, талай жыл «Батыр» спорт кешенінде қызмет атқарып, спорт саласында жүздеген шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, дарынды жаттықтырушы **Сүлейменов Айдархан Мұрдарханұлының** 71 жасында кенеттен дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туыстарына, достарына, әріптестеріне және шәкірттеріне қабырғамыз қайысып, көңіл айтамыз! Марқұмның жарқын бейнесі жүрегімізде мәңгі сақталады!

Көңіл айтушылар: Алматы қаласы Спорт басқармасының ұжымы.

Өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша негізгі кезеңнің санақ персоналын іріктеу туралы конкурс жариялау

Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Алматы қаласы бойынша департаменті өтеулі қызмет көрсету шарты бойынша санақ персоналын іріктеу туралы конкурс жариялайды:

1. Нұсқаушы-бақылаушы (345 бірлік, 2021 жылғы 24 қыркүйектен бастап 7 қарашаға дейін), лауазымдық жалақысы 125 014 теңге.

2. Сұхбатшы (2416 бірлік, 2021 жылғы 1 қазаннан бастап 30 қазанға дейін), лауазымдық жалақысы 104 179 теңге.

Кәсіптік білім деңгейі: жоғары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жалпы орта білім, жұмыс өтілі бойынша талаптарды қоюсыз.

Жеке құзыреттеріне қойылатын талаптар: талдамалық пайымдау, ықпал ету, командада жұмыс істеу, қарым-қатынас құру, ауызша және жазбаша коммуникация, жауапкершілік, әдептілік нормаларын ұстану, әдістемені игеру, нормативтілік, нәтижеге бағдарлану.

Барлық сұрақтар бойынша 8 (727) 330-89-16, 8 (727) 375-21-88 телефондары бойынша хабарласыңыз, түйіндемені almastat@stat-data.kz электронды поштасына жолдаңыз.



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Куаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛІМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Akshamy» ЖШС.
almaty-aqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
күәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

CORONA
VIRUS2020/KZЕКІМЕ ТУРАЛЫ
НЕ БІЛУ КЕРЕК? | 3

ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ВИРУС ЖҰҚТЫРУ МҮМКІН БЕ?

Ешбір вакцина абсолютті кепілдік бере алмайды, алайда қауіпті едәуір төмендетеді

Симптомсыз пациенттер инфекция тасымалдаушылар болып табылады, сондықтан тіпті вакцинациядан кейін де әлеуметтік қашықтықты сақтауды және бетперде тағып жүруді жалғастыру қажет

Егер вакцинациядан кейін вирус жұқтырған жағдайда ауру айтарлықтай жеңіл түрде, нақтырақ айтқанда, симптомсыз өтеді

Егер адам вакцинаның бірінші дозасын салғаннан кейін COVID-19 жұқтырып алса, мұндай жағдайда екінші компонентті толық сауығып шыққаннан кейін 6 айдан соң алуына болады

4 | ЕКІМЕ ТУРАЛЫ
НЕ БІЛУ КЕРЕК?CORONA
VIRUS2020/KZ

ВАКЦИНАДАН КЕЙІН ИММУНИТЕТ ҚАШАН ҚАЛЫПТАСАДЫ?



АЛҒАШҚЫ ИММУНДЫҚ ЖАУАП
БІРІНШІ ДОЗА ЕГІЛГЕННЕН КЕЙІН
12-14 КҮННЕН СОҢ ҚАЛЫПТАСА БАСТАЙДЫ

ТҰРАҚТЫ ИММУНИТЕТ
ЕКІ ДОЗАМЕН ДЕ ВАКЦИНАЦИЯЛАНҒАН
ЖАҒДАЙДА 1-1,5 АЙДАН
КЕЙІН ҚАЛЫПТАСАДЫ

АНТИДЕНЕЛЕР ТҮЗІЛЕТІН БҮКІЛ
КЕЗЕҢ ІШІНДЕ БАРЛЫҚ САҚТЫҚ,
ШАРАЛАРЫ САҚТАЛУЫ ҚАЖЕТ
– БЕТПЕРДЕ ТАҒЫП, ӘЛЕУМЕТТІК
ҚАШЫҚТЫҚТЫ САҚТАҢЫЗ



ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Сүйінші!



Отандық киноактриса Самал Еслямова басты рөлді сомдайтын «Барымташылар»

Уақыт жолы» фильмі Францияның 21 қаласында прокатқа шықты. Куанышты жаңалықпен фильм продюсері Юлия Ким Instagram желісінде бөлісті.

– Қиындыққа толы бір жарым жыл ішінде көп күш-жігер жұмсалды. Карантин мен санитарлық шараларға байланысты шығарылым үш рет тоқтатылды. Бастапқыда еңсеміз түскен еді, содан кейін қайтадан ұмтылып көруді ұйғардық. Өйткені, бұл фильм үлкен экран үшін түсірілген еді, – деп жазды продюсер.

Оның айтуынша, POSITIF, TELÉRAMA, Le Polyester сынды танымал кинобасылымдар фильмге қолдау көрсетуде. Әйгілі Le MONDE газетінің сайтында да фильм туралы жағымды пікір жарияланған.

Аяқкиімдер таңбаланады



Қазақстанда аяқкиімді міндетті цифрлық таңбалау үстемдіктегі жылдың 1 қарашасынан

енгізілетін болады. Сол уақыттан бастап таңбаланбаған аяқкиімнің өндірісіне және оның ҚР аумағына әкелінуіне тыйым салынады. Ал бөлшек сауда бизнесінде таңбаланбаған тауарлардың қалдықтарын сату үшін 2022 жылдың 1 қарашасына дейін қосымша уақыт берілді.

Жаңа ережелер бойынша жұмыс істеу үшін өндірушілер мен импорттаушылар таңбалау жүйесінде (markirovka.kz) тіркелу керек. Таңбалау кодтарын шығару үшін жүйеге өндірілетін және импортталатын өнім туралы ақпаратты енгізу қажет. Осындай бір кодтың құны 2,68 теңгені құрайды. Қазіргі уақытта аяқкиім тауарларының айналымы 96%-ы – импорт, 4%-ы ішкі өндіріс болып сипатталады.

Зообақ уақыты өзгерді



Басшылық мұны қаладағы эпидемиалмен байланыстырып отыр.

– Достар, сіздерге Алматы хайуанаттар бағының жаңа кестесі туралы хабарлаймыз. Енді біз дүйсенбіден жұмаға дейін 09.00-ден 17.00-ге дейін жұмыс істейміз. Сенбі және жексенбіде Хайуанаттар бағы жабық болады, – делінген Instagram парақшасында жарияланған хабарламада.

КЕРЕК КЕҢЕС

ДӘРУМЕНДІК СУСЫНДАР

Жеміс сусыны



2 стакан сусынға:

жалбыз жапырағы – 1-2 дана;
банан – 1 дана;
майлылығы аз сүзбе – 400 г;
ванильді қант – 1 шай қасық; сүт.

Дайындалуы:

Жақсылап жуылған жалбыз жапырағы мен бананды турап, сүзбемен бірге жұмсақ езбе (пюре) дайындау керек. Ванильді қантты қосып, араластырылғаннан кейін дайын болған массаны 2 стаканға бөліп, үстіне сүт құйыңыз. Ішер алдында бір араластырып алғаныңыз жөн.



Шие қосылған коктейль

1 стакан коктейльге:

шие – 200 г;
сүт – 125 мл;
йогурт – 75 г;
лимон шырыны – 5-6 тамшы; қант.

Дайындалуы:

Тазартылған шиенің сүйегін алып тастап, оны жақсылап ұсақтау керек. Сүт пен йогуртты, лимон шырынын, бір шымшым қант қосып, бәрін араластырасыз.



Киви мен қауын шырыны

қауын – 1 дана;
киви – 2 дана;

лайм – 1 дана;
минералды су – 200 мл;
қант – 1-2 ас қасық.

Дайындалуы:

Лаймды жуып, алдын ала салқындатып алыңыз. Қауынды дәндерінен тазартып, киви екеуін де төртбұрыштап тураңыз. Блендерде ұсақтаныз. Ыдысқа салып, үстіне лайм шырыны мен су құйып, қант қосып араластырыңыз.

Мандарин шербаты

4 стаканға:

консервіленген мандарин суы – 8 ас қасық;

нектарин – 2 дана;

лимон шырыны – 1 ас қасық;

сироп (кез келген);

мұз;

минералды су.

Дайындалуы:

Алдымен консервіленген мандарин суын құйып аласыз. Нектаринді қабығынан тазартып, сүйегін алып тастайсыз да төртбұрыштап турайсыз. Мандаринмен бірге блендерде ұсақтап алып, үстіне лимон шырыны мен сиропты құйыңыз. Блендерді жоғары жылдамдыққа қойыңыз. Ұсақталған мұзды (10 ас қасық) қосып араластырыңыз да минералды су қосыңыз. Дайын шербатпен шөліңізді қандырыңыз.



Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.